Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 32 (1035)

13.08.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ӨҢІР ТЫНЫСЫ

«ASHYQ» ЖОБАСЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

2021 ЖЫЛДЫҢ 10-ШЫ ТАМЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ БОЙЫНША ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ НАШАРЛАУДА, ОБЛЫС ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТА ОРНАЛАСҚАН. БҰЛ ТУРАЛЫ «JETISY MEDIA» АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢЫНДА АЙТЫЛДЫ.

Соңғы тәулікте КВИ-дың 270 жағдайы тіркелсе, өсу қарқыны – 0,8 пайызды құраған. Ал, 14 жасқа дейінгі 25 балада, 16 оқушы және 3 студентте коронавирус анықталғаны мәлім болды.

Алматы облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз-хатшысы Әлия Шагиахметтің сөзінше, өткен аптада ең жоғары өсу қарқыны Алакөл, Балқаш, Ескелді, Қарасай, Қаратал, Кербұлақ, Сарқан аудандарында және Қапшағай қаласында байқалған.

Вакцинаға келсек, өңірге барлығы 1 компоненттен 679 255 доза келіп түскен. Жалпы облыс бойынша халықтың 53 пайызы вакцина алды.

Осы жылдың 14 сәуірінен бастап Алматы облысының аумағында «Ashyq» пилоттық жобасы іске қосылғаны белгілі. Баспасөз-мәслихатында белгілі болғандай, бүгінгі таңда облыс бойынша 2829 нысан «Ashyq» арқылы жұмыс жасауда. Аталмыш жобаны енгізу басталғаннан бері мониторингтік топтармен 1797 нысан қамтылып, 371-інде жұмыс алгоритмін бұзу фактісі анықталған. Бұдан басқа, аймақ бойынша QR-кодты сканерлеу кезінде «қызыл» және «сары» статусы бар 314 келуші анықталды, оның ішінде «қызыл» статусы 148-інде, «сары» статус 166 келушіде анықталды. Алакөл, Еңбекшіқазақ және Қапшағай қаласының 5 келушісіне 218 775 теңге сомасына әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама қолданылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АҢДАТПА

ЖАНАЙҚАЙ 4-бет

ЖЕР ДАУЫ мүгедектерді де мазалайды

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ 5-бет

«ЖАНҰЯДАҒЫ» жүйелі жұмыс

ӘҢГІМЕ 8-9-бет



ДОЙБЫ ОЙНАҒАН екі әйел

РУХАНИЯТ 13-бет

АБАЙДЫҢ АҚИҚАТЫ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЭКОНОМИКА

ТАУАРЛАРДЫ ТАҢБАЛАУ – НАРЫҚ ТАЛАБЫ

2020 жылдың басынан нарыққа 8 млн. қорап темекі заңсыз енгізілсе, 2019 жылғы дерек бойынша 5 млн. қорап шылымның «көлеңкелі айналымда» жүргені анықталған. Мұндай заңсыз әрекеттерді тыюдың тура жолы – цифрлы таңбалауды міндеттеу.

Осы орайда өткен жылдың 1 қазанынан бастап ел аумағында темекі өнімдерін міндетті таңбалау енгізілгені белгілі. Бұл талап фильтрлі темекіге ғана қойылған еді. Ал, биылғы жылдың 1 сәуірінен өнімнің басқа түрлерін (сигара, қыздырылған темекі және т.б.) таңбалау енгізілді. Ондағы мақсат – нарықтағы ашықтықты қамтамасыз ету және халықты жасанды, жалған өнімдерден сақтандыру.

Қазіргі таңда таңбалаудың бірыңғай операторы «Қазақтелеком» АҚ болып табылады.

«Jetisy Media» ақпараттық алаңында өткен баспасөз-мәслихатында Талдықорған қалалық мемлекеттік кірістер басқармасының жанама салықтарды әкімшілендіру бөлімінің басшысы Елдос Тұлымшақов таңбалау – бұл өнім туралы арнайы шифрланған белгі екенін, онда өндіруші туралы толық ақпарат, сериялық нөмір және бұзудан қорғау коды барын айтты. «*Ол Data Matrix кодын пайдалануға негізделген. Бұл халықты жалған өнімдерден қорғауға мүмкіндік береді және темекі өнімдері айналымы нарығының ашықтығын қамтамасыз етеді*», – дейді Елдос Тұлымшақов.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БАСТАМА

ТҮСКЕН ҚАРЖЫ

қайырымдылыққа жұмсалады

ҚОҚЫСТЫ СҰРЫПТАП, ҚАЙТА ӨҢДЕУ ШАРАСЫ БОЙЫНША ИГІ БАСТАМАҒА ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА «АВАНГАРД» БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМ ТӨРАҒАСЫ Ғ.АМАНЖОЛҰЛЫ ДА ӨЗ ҚОЛДАУЫН КӨРСЕТТІ.

Ол тұрғылықты мекен-жайындағы үйінде целлофан, қағаз, металл, тұрмыстық қалдықтар және пластик бұйымдарын бөшкеге бөлек сұрыптап, барша тұтынушыларды аталған істен үлгі алуға шақырады. Сонымен қатар, сұрыпталған қоқыс-шикізатты қабылдап алушы компанияларға өткізіп, түскен қаржыны қайырымдылық қорларына өткізбек. «Бұл бастама – бір оқпен екі қоянды атқандай» деп есептейді бастауыш партия ұйым төрағасы.

«Таза болса табиғат, аман болар адамзат». Табиғатты таза ұстау әрқайсымыздың міндетіміз.

* * *

«АВАНГАРД» БПҰ ТӨРАҒАСЫ, ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ӨКІЛІ Ғ.АМАНЖОЛҰЛЫ ОБЛЫСТЫҢ АУЫЛ ЖАСТАРЫ ОДАҒЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Д.АУДАНБАЕВПЕН БІРГЕ ҚАРАТАЛ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.

Үштөбе қаласы, Бастөбе, Балпық, Елтай, Жолбарыс, Ескелді, Айту би, Тастөбе ауылдық округтерінің тұрғындарымен Zoom платформасы аясында өткен кездесуде Ғазиз Аманжолұлы және Даулет Бірлікұлы атқарылып жатқан жұмыстардың жайы туралы әңгімелеп, пікір алмасты.

Өз сөзінде Ғ.Аманжолұлы Президент жолдауындағы ауыл еңбеккерлерінің қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау арқылы жалдамалы үйлер салу туралы тапсырмасы жайлы тоқталды. Осы бағытта тұрғын-үй заңнамасына және ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға өзгерістер енгізу жұмыстары жүргізіліп жатқанын, сонымен қатар, ауылда жалға берілетін үйлер салу бойынша жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау қағидаларының жобасы әзірленгенін айтты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Дәл қазіргі таңда Жетісу өңірінде жүкті әйелдер көптеп вирус жұқтыруда. Қаңтардан бері 2000-ға жуық ана ковидке шалдыққан.

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА ІНДЕТ ӨРШІП ТҰР

Жыл басынан бері төрт жас босанған ана коронавирустан көз жұмды. Осы уақытта стационарда ем қабылдап жатқан 139 жүкті әйелдің 10-ы ауыр халде. Сорақысы, аяғы ауыр және жаңа босанған жас аналардың 4-уі аты жаман аурудан көз жұмған. Бұл туралы «Jetisy Media» ақпараттық алаңында өткен баспасөз-мәслихатында белгілі болды.

Жиында сөз алған Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Лейла Серікбаева қос өкпенің қысып, демнің жетпеуі кішкентай періштені құрсағына көтеріп жүрген нәзік жанды түгілі, қол-аяғы балғадай адамдар үшінде оңайға түсіп жатпағандығын тілге тиек етті.

«Қазіргі таңда аяғы ауыр әйелдерде жұқтыру деңгейі күннен-күнге жоғарылап келеді. Сақтық шараларын ескермей тойға, асқа баруда. Аяғы ауыр әйелдер жауапкершілікті сезінсе екен. Үнемі көшелерде бетперде тағып жүруін талап етемін. Антисептик себуге жүректері айныса, қолын жиі-жиі жуған жөн. Тағы да қатаң түрде ескертетін жағдай, үй жағдайында емделмеу керек. Ол үлкен қателік. Өзіннен коронавирустың белгілерін байқаса, сол мезетте ауруханаға келгені дұрыс», – дейді маман.

Коронавирус індетінен және соған байланысты енгізілген карантин шектеулерінен жүкті әйелдер мен өмірге енді келген сәбилер де зардап шегуде. Дәрігерлер сөзінше, аяғы ауыр әйелдің ағзасы онсызда әлсіз келеді, сол себепті вирусты жұқтыруы оңай, ал емделуі қиын. Аяғы ауыр әйелдер жай адамдар сияқты вирус пен бактерияға қарсы күшті дәрілерді құрсақтағы балаға зиян болғандықтан іше алмайды. Сондықтан, сақтық шараларын қатаң түрде ұстанудан басқа амал жоқ.

Ардагүл ҚҰСЫМАНҚЫЗЫ

КЕЛІСІМ

БАҒА ТҰРАҚТАНДЫРУ - БАСТЫ НАЗАРДА

Өңірлік кәсіпкерлік палатасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, Алматы облысының тауар өндірушілері мен ірі сауда желілері арасында өнімді тікелей өткізу туралы келісім жасалды. Бұл туралы күнбағыс майы, күріш және сиыр етін өндірушілері, ірі сауда желілері және Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдіктері арасында жасалған меморандумға қол қою барысында белгілі болды.

«Жетісу» ӘКК» ӘДИ» АҚ ұйымдастырған кездесуде «Жетісу» ӘКК Басқарма төрағасының орынбасары Азамат Рахимов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Мақсат Кикимов бастаған делегация Талдықорған қаласы мен Балқаш ауданының кәсіпорындарында болып, ірі сауда желілеріне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тікелей жеткізу туралы келісімдерге қол жеткізді. Өнім алматылықтар мен Алматы агломерациясының тұрғындары үшін белгіленген баға бойынша қолжетімді болады. Корпорация өкілдерінің айтуынша, бұл шаралар Мемлекет басшысының әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жөніндегі тапсырмасын іске асыруға бағытталған.

«Бүгін біз өнімдерді «Жетісу» маусымайында әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ауыл шаруашылығы өндірушілерімен, сауда желілерімен бірлескен кездесу ұйымдастырып, оның қорытындысы бойынша сүт және сүт өнімдерін, қант, жұмыртқа және басқа да азық-түлік өнімдерін тікелей жеткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Біздің мақсатымыз - Алматы облысының өндірушілеріне сауда желілерімен өзара байланысты күшейтуге және өнімдерді өткізу бойынша келісімшарт жасауға көмектесу. Бүгін сондай-ақ «Жетісу Мажико» агрокешені» ЖШС, «Динара Ranch» ЖШС, «Бірлік Агрофирмасы» ЖШС, «Тамшыбұлақ» ЖШС және «Magnum Cash&Carry», «Скиф Трейд» сияқты ірі сауда желілерінің өкілдері, өңірлер әкімдіктері арасында ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды», – деді «Жетісу» ӘКК Басқарма төрағасының орынбасары Азамат Рахимов.

Сонымен бірге жұмыс сапары аясында жергілікті тауарөндірушілерге мемлекеттік қолдау тетіктері, атап айтқанда, айналым қаражатын толықтыру үшін жеңілдетілген несиелендіру ұсынылды. Қаражат өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және халық үшін тауарлардың қолжетімділігін арттыруға тиіс.

«Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша мегаполистің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жалғасуда. Бұл ерекше бақылауда тұрған стратегиялық маңызды мәселе. Бүгін біз ет, май және күрішті жеткізу туралы меморандумға қол қойдық. Алдағы маусымаралық кезеңде 2021 жылдың қыркүйегінен 2022 жылдың сәуіріне дейін құны 2,5 млрд теңгеге 22 мың тонна көкөністі «форвардтық» сатып алу шартын жасастық», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Мақсат Кикимов.

Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын ұстап тұру мақсатында тұрақтандыру қорын толтыруға және кәсіпкерлік субъектілеріне, сауда кәсіпорындарына, сондай-ақ өңірдің тауарөндірушілеріне жеңілдетілген несие беру мақсатында бюджеттен 3 млрд теңге бөлінген. Несие алған кәсіпкерлік субъектілері бағаны ұстап тұруға міндеттенеді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу және өткізу үшін «Toimart» ірі сауда желісі, «Көгер Лтд» ЖШС, «Ақсайнан» ЖШС, «Ақсукант» ЖШС, «Ляззат-2016» ЖШС және басқа да өндірушілерге жеңілдетілген несие берілді.

Ш. ХАМИТОВ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОБЫТИЕ

Двухмиллионной жительницей Алматы стала новорожденная Аяла Жамбыл. Об этом сообщил аким города Бакытжан Сагинтаев, передает МИА «Казинформ».

2-Х МИЛЛИОННАЯ ЖИТЕЛЬНИЦА АЛМАТЫ

«По данным Бюро национальной статистики, казахстанцев уже 19 миллионов. А в Алматы двухмиллионной жительницей стала Аяла Жамбыл. Желаю здоровья, благополучия и счастья!» — написал Б. Сагинтаев в Twitter.

Аяла стала шестой девочкой в семье полицейского Бейбита Абильдаева и воспитательницы детского сада Алии Жанибековой.

Напомним, 3 августа стало известно, что численность населения Казахстана перешагнула исторический рубеж в 19 миллионов. В Алматинской области родилась Жания Азаматқызы, ставшая 19-миллионным гражданином Казахстана.

ТОКИО-2020

ВЫСТУПИЛА В ЗАЩИТУ КАЗАХСТАНСКИХ ОЛИМПИЙЦЕВ

Как сообщает Sputnik, Глава министерства информации и общественного развития (МИОР) Аида Балаева отреагировала на негатив, который выливают в соцсети казахстанские болельщики, попросила болельщиков ценить наших олимпийцев и быть благодарными за то, что они сделали на предыдущих Олимпиадах.

"Сегодня наблюдается очень много негатива в сторону наших спортсменов. Это в корне неверно, особенно когда речь идет о чемпионах и призерах прошлых Игр. В 2016 году Василием Левитом гордилась вся страна, не только за мастерство и мужество на ринге, но и за поведение, достойное настоящего чемпиона, когда его явно засудили в финале", - написала министр.

По ее мнению, болельщики не должны ополчаться на него за проигрыш на этих Играх, так же как и не стоит критиковать олимпийскую чемпионку Лондона-2012 Ольгу Рыпакову, которая в Токио не прошла квалификационный отбор.

"Реакция на неудачное выступление Ольги Рыпаковой и вовсе вызывает горечь и недоумение. Разве мало она сделала для страны и народа, выиграв олимпийские медали всех достоинств и множество наград других соревнований, являясь самой титулованной из всех казахстанских спортсменов?" - вопрошает министр Балаева.

Она отметила, что у Левита и Рыпаковой будет еще много времени впереди для "воспитания нового поколения чемпионов".

"Необходимо помнить заслуги великих спортсменов, поддерживать их, потому что только в единстве и сплоченности можно не только преодолеть трудности, но и добиться высоких результатов", - заключила министр.

Она отметила, что эти спортсмены будут для нее чемпионами всегда.

ТАМОЖНЯ

НОВЫЕ ПРАВИЛА В ДЕЙСТВИИ

С 8 АВГУСТА ВВОДИТСЯ В ДЕЙСТВИЕ ПРИКАЗ И.О.МИНИСТРА ФИНАНСОВ РК ОБ УТВЕРЖДЕНИИ НОВЫХ ПРАВИЛ ПРОВЕДЕНИЯ ТАМОЖЕННЫХ ДОСМОТРА И ОСМОТРА,- ПЕРЕДАЕТ ZAKON.KZ.

Как отмечается, формы актов таможенного досмотра (осмотра), заполняемые по результатам проведения таможенного досмотра, установлены решением Комиссии Таможенного союза от 20 мая 2010 года.

При выборе объектов и форм таможенного контроля используется автоматизированная система управления рисками.

Решение о проведении таможенного досмотра принимается руководителем структурного подразделения, уполномоченного на его проведение, либо органа госдоходов (в случае их отсутствия замещающим лицом), на основании служебной записки уполномоченного на проведение таможенного досмотра должностного лица, за исключением случаев, когда основанием для его проведения являются сработавшие профили риска автоматизированной системы управления рисками, либо по результатам проведения таможенного контроля с использованием инспекционно-досмотрового комплекса таможенным органом отправления на лицевой стороне распечатанного рентген-снимка проставлен штамп «Контроль ИДК, под подозрением», или в информационные системы органов государственных доходов внесены сведения, указывающие на необходимость проведения таможенного досмотра.

Основанием для проведения таможенного досмотра (осмотра) является:

1. При проведении таможенного досмотра:

сработавшие профили риска автоматизированной системы управления рисками, предусматривающие проведение таможенного досмотра;

наличие штампа «Контроль ИДК, под подозрением» на лицевой стороне распечатанного рентгенснимка, и/или сведений в информационной системе органов государственных доходов о необходимости проведения таможенного досмотра, проставленных по результатам проведения таможенного контроля с использованием ИДК таможенным органом отправления;

наличие информации о потенциальном риске (ориентировке) от правоохранительных и специальных государственных органов Евразийского экономического союза (ЕАЭС) или зарубежных стран, с которыми имеются международные соглашения об обмене информацией в таможенных целях, РК;

необходимость идентификации товаров при таможенной очистке в соответствии с условиями заявленной таможенной процедуры, предусмотренными законодательством ЕАЭС и РК, за исключением таможенных процедур «Свободная таможенная зона» и «Свободный склад»;

наличие признаков несоблюдения требований таможенного законодательства ЕАЭС и РК, ставших известными уполномоченному должностному лицу при применении иных форм таможенного контроля, предусмотренных Кодексом.

2. При проведении таможенного осмотра:

сработавшие профили риска автоматизированной системы управления рисками, предусматривающие проведение таможенного осмотра.

Что делать при получении извещения органов госдоходов

С 21 июля Комитет государственных доходов запустил автозапуск извещений и уведомлений по результатам камерального контроля. Камеральным контролем охвачены нарушения по завышению зачета по товарам, импортированным с территории государств-членов ЕАЭС с уплатой НДС.

При выявлении нарушений по результатам камерального контроля со средней степенью риска направляется извещение, которое носит рекомендательный характер, за его неисполнение никакие меры не принимаются.

В связи с большим объемом данных, подлежащих рассылке, извещение направляется без вложения. При этом расшифровки к извещениям и уведомлениям отправляются по запросу налогоплательщиков на указанные электронные адреса.

Направление полной информации о допущенных нарушениях в виде приложения к извещениям и уведомлениям будет внедрено в рамках новых информационных систем.

В случае несогласия с указанными нарушениями согласно статье 96 Налогового кодекса налогоплательщик вправе предоставить пояснения на бумажном или электронном носителе.

Относительно нарушения по завышению зачета по товарам, импортированным с территории государств-членов ЕАЭС с уплатой НДС, КГД отмечает, что согласно пункту 2 статьи 401 Налогового кодекса в зачет НДС относится сумма по наиболее поздней из дат (дата платежа в бюджет или последняя дата налогового периода).

ШКОЛА

РЕШЕНИЕ ПО ФОРМЕ ПРИНЯТО

Министр образования и науки Асхат Аймагамбетов сообщил, какое решение приняли по правилам ношения школьной формы в новом учебном году в Казахстане, передает Tengrinews.kz.

«В преддверии начала нового учебного года актуализируется вопрос о школьной форме. До пандемии ее ношение было обязательным. Но в прошлом году, учитывая все обстоятельства, мы приняли решение, которое позволяло ученикам в течение всего учебного года приходить в школу не только в школьной форме, но и в одежде классического стиля», — написал Аймагамбетов в Facebook.

Министр отметил, что, и как родитель, и как министр образования и науки, является сторонником ношения школьной формы.

«Педагоги отмечают, что, помимо прочего, она также дисциплинирует детей, позволяет чувствовать общность с теми, кто ходит в ту же школу, и, что немаловажно, помогает уменьшить социальные различия между школьниками», — добавил он.

Министр заявил, что ношение школьной формы станет необязательным еще на один год.

«Выслушав мнения родителей, педагогов, администраций школ и руководителей управлений образования, сделал вывод, что многие также ратуют за школьную форму Но, взвесив все за и против, мы приняли решение, что для тех, кто в силу различных обстоятельств не может приобрести детям школьную форму, сделать необязательным ее ношение еще на один год. Дети могут временно, в течение только следующего учебного года, посещать школу не только в школьной форме, но и в одежде классического стиля. Знаю, что у производителей школьной формы иное мнение на этот счет. В связи с этим ожидаю услышать несогласие как со стороны некоторых родителей, так и со стороны производителей школьной формы», — написал глава МОН.

Асхат Аймагамбетов также объяснил, чем руководствовалось министерство при принятии решения.

«Во-первых, с учетом эпидемиологической ситуации сейчас во многих регионах страны действуют карантинные ограничения, магазины работают в определенное время, в некоторых городах — только в будние дни. И мы понимаем, что если родители массово отправятся в торговые центры и магазины для того, чтобы приобрести детям школьную форму, то это может спровоцировать очереди и риски заражения COVID-19. Во-вторых, в связи с временными экономическими трудностями в некоторых семьях покупка школьной формы может стать дополнительной нагрузкой на семейный бюджет. Поэтому если родители в силу различных обстоятельств не могут приобрести ребенку школьную форму, то временно, в течение только следующего учебного года, школу можно посещать в одежде классического стиля. В завершение хотелось бы отметить: я понимаю, что вне зависимости от принятого решения касательно школьной формы мнения в этом вопросе будут разниться. Какое бы решение ни было принято, сторонники школьной формы будут приводить одни аргументы, оппоненты — другие. Но в этом вопросе для нас было важным объективно оценить сложившуюся ситуацию и предусмотреть возможные риски», — подчеркнул он.

ЖИЛЬЕ

ПРЕКРАТИЛСЯ ПЕНСИОННЫЙ АЖИОТАЖ

Темпы изъятия пенсионных накоплений с целью покупки жилья в РК резко снизились, передает ИА «NewTimes.kz».К такому выводу пришли эксперты Krisha.kz, изучив данные ЕНПФ.

За месяц (в июле относительно июня) количество заявлений снизилось на 31,4%, а сумма — на 37,2%.Статистика по изъятию пенсионных накоплений на улучшениежилищных условий выглядит так:

с 25 по 31 января принято 39 203 заявления на 216,8 млрд тенге; в феврале — 86 301 на 444,8 млрд; марте — 65 514 на 311,7 млрд; апреле — 60 082 на 253 млрд; мае — 45 654 на 173,5 млрд; июне — 42 737 на 147,3 млрд; июле — 25 041 на 52,9 млрд.

Средняя сумма единовременных пенсионных выплат также изменилась.

Если изначально она составляла порядка 5,5 млн, то сейчас равна 3,2 млн тенге.

По данным фонда на 26 июля, за весь период исполнено 364 532 заявления вкладчиков на использование пенсионных для улучшения жилищных условий. На спецсчета переведено свыше 1,6 трлн тенге.

Полосу подготовил Шора ХАМИТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАНАЙҚАЙ

ЖЕР ДАУЫ мүгедектерді де мазалайды

КІМ АЛЛАДАН КЕСЕЛДІ СҰРАП АЛЫПТЫ. ТАҒДЫРДЫҢ БАСҚА САЛҒАНЫН, ЖҰМЫР БАСТЫ ПЕНДЕ БҰЛ ДА ЖАРАТҚАН ЖАППАР ИЕМНІҢ БІР СЫНАҒЫ ДЕП МОЙЫНСҰНАДЫ. ӘСІЛІ ОН ЕКІ МҮШЕҢНІҢ САУ БОЛҒАНЫНА НЕ ЖЕТСІН. ҚОҒАММЕН БІТЕ ҚАЙНАСЫП, ТАҒДЫР ТАУҚЫМЕТІН ТАРТЫП ЖҮРГЕН МҮГЕДЕКТЕР ЖАЙЛЫ АЙТУДЫҢ ӨЗІ БІР АЗАП. ҚАРАТАЛ АУДАНЫНАН «МҮГЕДЕК ЖӘНЕ АҚЫЛ-ЕСІ, ДЕНЕ БІТІМІНІҢ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТУШІ АТА-АНАЛАРДЫҢ «АЛПАМЫС» АССОЦИАЦИЯСЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ФИЛИАЛЫ РЕДАКЦИЯҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫП, МҰҢ-ЗАРЛАРЫНА ҚҰЛАҚАСЫП, МАҚАЛА ЖАРИЯЛАУДЫ ӨТІНДІ. БАРДЫҚ. КӨЗБЕН КӨРДІК. АЯНЫШТЫ.

Жалпы, ауданда, үлкенді-ұсақты мүгедектерге қатысты бес ұйым бар екен. Солардың ішінде «Алпамыс» ассоциациялық қоғамдық бірлестігінің филиалы бұрыннан жұмыс жасап келеді. Мұнда қазір 300 мүгедек тіркеуде тұр Олардың 5-6-ы төсекке таңылған, күтіп-бағуды қажет ететін жарымжандар. Ал, жаңадан құрылған «Шаңырақ» қоғамдық бірлестігіне осы қоғамнан арбаға таңылған 50-60 мүгедек ауысады деп күтілуде. Бұл қоғамдық бірлестікті өзі де арбаға таңылған, жағдайы өте ауыр бірінші топтағы мүгедек Ғалия Дүйсенбекова құрыпты. Олардың шақыруы бойынша осы Ғалияның мәселесімен барғанбыз. Арбаға таңылған, көзі көрмейтін, бес баланың анасы 2009 жылы «минингитпен» ауырып алты ай ессіз-түссіз (комада) жатқанын, жылдан-жылға кеселі меңдеген Ғалияға енді тағы да басына ота жасату үшін бір миллионнан астам қаражат қажет болғанын айтты. *«Барар жер, басар тауым» қалмады, жүйкем тозды. Маған дәрігерлер тыныштық сақта деген, қалай сақтаймын емханаға барсам дұрыс қабылдамайды. Тіпті, МРТ түсіру үшін 26000 теңгені қалтамнан төледім. Заң бойынша маған тегін көмек көрсетілуі керек еді. Аудандық ауруханаға барсаң лифтіге арбамен сыймайсың, жүріп-тұра алмаймын. Адамдардың көмегіне мұқтажбын. Ал, дәрігерлер дөрекі мінез көрсетеді, соларға ашуланып жүріп, бүкіл медициналық құжаттарымды таксиге қалдырып кетіппін. Енді оны қайдан табамын»* - деп бозторғайдай шырылдаған мүгедек пәтер жалдап тұратынын, оның өзі қыста жылымайтынын айтып мұңын шақты. Бұл бір ғана Ғалияның жайы ғана емес, арнайы журналистерді шақырған мүгедектер бұған дейін «Алпамыс» ассоциациялық қоғамдық бірлестігіннің филиалын басқарған бұрынғы басшылары Нұрлан Байкушовтан көрген қиянаттарын айтып, арызданып жүріп оны орнынан босатып, Кашина Анар Талғатқызын өз қалауларымен жиын өткізіп, өткен жылы төраға сайлап алғандарын айтты. Ұлардай шулаған мүгедектердің айтуынша, *«өзімізге тиесілі арнайы мекеме жоқ, қыста суық, көрінгенге жалынып-жалбарынып жылу сұраудан шаршадық.»* дейді. *«Бізді көрсе кәсіпкерлер теріс айналатын болды. Осы Анар Талғатқызы келгелі біраз жұмыстың басын қайырдық. Қыл аяғы компьютер де тапшы. Аудандық және қалалық әкімдік те бізден мезі болды. Ал, бізге тікелей қарайтын Алматы облыстық «Алпамыс» ассоциациялық қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гульгана Назырова көңіл аудармайды. Бізге тиесілі 8 гектар жердің 6-гектарын Айдарбек деген заңгеріне беріп жіберді. Біз одан бір тиын пайда көріп отырғамыз жоқ, қалған екі гектарды Бақытжан деген кәсіпкерге арендаға беріп 100 000 теңге алып, қоғамдық бірлестіктің қажетіне жараттық деп даурыққан соң, облыстық «Алпамыс» ассоциациялық қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гульгана Назырова қоңырау шалып, Үштөбеге шақырып, мән-жайға түсінік беруін өтіндік.»* деген мүмкіндігі шектеулі жандар жан айқайын айтса, бұдан бөлек, ағаш жонатын және жүн тазалайтын қондырғылардың Рүстем деген азаматтың үйінде тұрғанын айтты. Тіпті олардың жай күрек, болгарка тағы басқа да құрал -саймандарды түгендеп берсін деген уәждері де болды. Ашуға булыққандарға басу айтып, Гульгана Назыроваға өздеріңіз жиын өткізіп, артынан бір жауабын беріңіз деп кеттік. 10 тамыз күні редакцияға арнайы келген Гульгана Назырова бұл жұмысқа 2017 жылдан бастап кіріскенін, алғашқыда бұл жұмыстарды қалай істеуді білмедім дейді. «*Мен бірте-біре қоғамдық бірлестіктің жұмысымен толық танысқанша уақыт өтті. Ал, енді бұлар даулап отырған ағаш жонатын және жүн тазалайтын қондырғыны 14 тамызда барып Рүстем деген азаматтан алып өздеріне беремін* деді.

- Ол «қондырғылар жұмыс істеп тұр ма?» деген сауалымызға «істеп тұр» деп жауап берді. Кеше олардың көзінше Рүстемге хабарластым, қондырғының бір сайманы сынып қалған, мен жаңасын қойдым, бірақ жаңа сайманды сіздерге бергім келмейді деді. Мен келіспедім. Бәрін басы бүтін өткізіп бересіз, біз сізге жұмыс істеп тұрған қондырғы

бергенбіз деп келістік. Менің Алла Тағаланың алдында арым таза. Ал, жерді мен оларға бермеймін. Ол жерді мен өз меншігіме алғам жоқ. Мен Анар Талғатқызына айтқанмын. Жердің екі гектарын бір азаматқа арендаға беріп, ақшасын алған деген Гульганаға иә 100 000 теңге алып, қоғамдық бірлестіктің қажетіне жұмсапты ол туралы айтқанын ескерттік. Бірақ оның есебін маған берген жоқ, олар заң жүзінде маған есеп беріп тұрулары керек. Ол жерді сәуір айынан бастап менің заңгерім Айдарбек белшесінен суға малынып арығы толған күл-қоқысты тазалады. Біз аудандық, қалалық әкімдікке хат жаздық ешқайсынан көмек болмады, хатқа да жауап бермеді. Айдарбек бір жеті жүріп, өзі тазалады, ол өзі намазхан жігіт. Енді ол жерге жүгері егілді. Жинау науқаны болғанда ол өзіне тиесілі өнімін алып шыққан шығын өтелсе, қалған пайданы сол жергілікті қоғамдық бірлестік



филиалына береміз. Ол жер пәленбай жыл пайдаланбай тұрған. Ол жердің құжатын жасағанда мен өзім 100 мың теңге қалтамнан шығардым. Ал, қараталдық мүгедектерден бір тиын шыққан жоқ. Ол «Алпамыс» ассоциациялық қоғамдық бірлестіктің балансында тұр. Бізде жарғыда жазылған заң бойынша кәсіпкерлікпен айналысуға құқымыз бар. Ал, мына сегіз гектардың екі гектарына жылыжай салғымыз келген. Ол жерге Қаратал ауданының әкімдігі транс-форматор орнатып береміз деп уәде берген. Уәде орындалмады. Қараталдық мүгедектер біздің қоғамдық бірлестіктің мүшелері өздері ұмытылып жұмыс жасамайды. Тек бер-бер деп шулайды. Тіпті дауыс көтеріп сөйлеуге құқылары жоқ» деген Гульгана егер *өздері қам-қарекет жасамаса ол қоғамдық бірлестік филиалын жауып тастаймын»* деп ренішін білдірді. *Мүгедектер дауласып отырған сегіз гектар жердің екі гектарына, жоңышқа, 3 жарым гек-тарына жүгері егілсе, қалған 2 жарым гектарына қарағаш тамырланып өсіп кеткендіктен игерілмей қалды. Менің кінәм сол жиналыс өткізуім керек еді, олар біздің қызметті алушылар ғана, ал мәселелерді шешуге олардың қатысы жоқ. Құрғақ сөз болмас үшін құжаттарды көрсетейін. Бар мәселені бірлестік шешеді. Кімді директор етіп сайлау керек. Ал мүгедектердің бәрі қызмет алушылар болып табылады. Олардың ешбір дауыс беру құқығы жоқ. Бірлестік филиалының ережелерінде Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Бірлестік өзінің құрылымдық бөлімшелерін құруға, Қазақстан Республикасы аумағында өзінің өкілдігін ашуға құқығы бар. Заңда филиал заңды тұлға болып табылмайды деп атап көрсетілген. Және құрылтайшылар жиналыстарымен бекітілген ережелер негізінде әрекет етеді. Демек, олар біздің ереже негізінде ғана әрекет етуі тиіс. Сондықтан олар ешбір талап қоя алмайды, өйткені, олар біздің қызметті алушылар ғана. Анар Кашина маған бағынышты адам, сондықтан, сізді шақырмастан бұрын менімен ақылдасуы керек еді. Мен Анарға үміт арттым. Ол Айдарбек сияқты адамдармен жұмыс жүргізе біліп, мүгедектерге көмегін тигізер деп сенгем. Оны басшы етіп сайлағанда құрылтайшылар да сенім артқан. Алайда, дау туғызып тұрған сегіз гектар жерді мен алып алды деген сияқты ой туды. Мүгедектерді маған қарсы ұйымдастырды. Бізге сендердің өнімдерің керек емес. Біз Ресейде шөп тамырлары жайлы жоба жазып жатырмыз дедім. Біз грантпен ғана жұмыс істейміз. Осы гранттың арқасында 2019 жылы Талдықорғандағы «Балпық би» көшесіндегі 203 үйде жылыжай жобасын жасадық. Қазір жұмыс істеп тұр, барып көруіңізге болады. Тура сондай жылы жайды Үштөбе қаласындағы екі гектар жерге, Көксу ауданындағы КазАгроСервис болашақта сол жерге трансформатор орналастырылса, Көксу ауданындағы жылыжайды Үштөбеге көшіруге уәде берген. Олармен тығыз жұмыс істеп келеміз. Анар осының бәрін жақсы біледі. Біз онымен осы жайында сөйлескенбіз.*

Тек жиналыс өткізбедік. Алайда Анар осы филиалдың басшысы ретінде адамдардың бәріне түсіндіруі керек еді. Биылғы жылы 2 гектарға жылыжай орнатпақ едік. Оны біз емес КазАгроСервис қоймақшы болған. Олар екі жылыжай орнатып, мүгедектерге жұмыс орнын ашуды жоспарлаған. Ал Ғалия Дүйсембинова өзі ауру бола тұра «Бізге берсе мен биыл жылыжай орнатар едім» деп кеудесін соққылайды. Оны орнату оңай дей ме екен. Балпық бидегі 8х18 м көлеміндегі жылыжай 3 млн.184 мың теңге болды. Мені қайта-қайта келіп кетіңізші деп шақыра бергенімен баруға мүмкіндігім болмай қалады. Осында екі нысаным бар, оған қоса аталған жер, тағы басқа жобалар да жазып жатырмыз. Қысқасы шаруам бастан асады. Сон-дықтан жергілікті жерлердегі мәселелерді шешу үшін филиал басшысы сайланған. Анарды шақырып, жұмыс жасаудың жобасын көрсеттім. Филиал басшысы жергілікті жерлерде барлық мәселені шешу үшін сайланған адам. Мен қайта-қайта бара бермес үшін істің жайын маған баяндап тұруың керек дегем. Ол телефон соғып, бәрі дұрыс екенін айтып отырды. Ғалияның мәселесін бірінші рет естіп тұрмын. Ол бірінші топтағы мүгедек, оған барлық медициналық қызмет тегін көрсетілуі тиіс. Бізге жүгінсе заңгеріміз бар, құжаттарын рәсімдеуге көмектесеміз. Ол босқа айғай аттан шығармай, орталыққа жүгінсе шұғыл жағдайда квота кезегіне қоямыз» деген Гульгана Назырова мүгедектер айғай-шуын Анар Кашинадан көруде. Екі оттың ортасында қалған Анар Кашина: «*Мүгедектерді құдды мен «Алпамыс ассоциациялық қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гульгана Назыроваға қарсы қойғандай болып тұрмын. Бұлармен жұмыс жасау өте қиын. Сегіз гектар жерді даулап, менің де күнде мазамды алады. Негізі сізді шақырған мүгедек Ғалия Дүйсенбинова өз мәселесін айтпақшы болған. Гульгана Назырова мені іс-тәжірибиеден өткіздім дегені өтірік. Бір рет қана «обл собезге» алып барды. Мен бұл қызметті сұрап алған жоқпын. Гульгана және оның орынбасары болған Айгүл звондап, офистеріне шақырды. «Менің іс-тәжірибем жоқ, бұрын*

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

мұндай жұмыс жасамадым деп ашығын айттым. Көмектесеміз, үйретеміз, «офис» алып береміз,сен меңгересің» деді. Менің кандидатурамды Болат Абилдинов ұсынғаны рас. Екі ортада мені айыптайды. Жер мәселесінде шу шықпас үшін Гульгана Назырова өзі жиын өткізіп, мән жайды мүгедектерге айтуы керек еді, олай етпеді. Ол кісіге бірнеше рет хабарластым. Жерді даулап жатыр не істейміз, менің мазамды алуда дедім. Жер «Алпамыстың» балансында олардың шаруалары болмасын» деп зекіп тастады. Тіпті мүгедек Болат Абилдинов та ол кісіге звондады. «Биыл ешқандай өнім жоқ, шықпады» деп ашуланды. Отырған мекемеміз қыста суық. Әу баста көмектесеміз, са-тылатын үй тап деген соң, Қонаев көшесінен жақсы,ауласы кең үй, бағасы бес миллионға таптық. Жақсы мен Райхан Маратовамен ақылдасайын деп хабарсыз кетті. Қыста аязға шыдамай қайта хабарластым. Ол «үй қымбат, арзанын ізде» деген соң «бағасы қанша сумада болу керек» деп сұрадым, «екі миллион төңірегінде» деді. Оны да әпермеді. Оларда өндіріс орындары бар, неге қол ұшын созбайды. Кешке дейін сұрай бересің деп ренжиді. Әкімдікке бар дейді. Біз қайда хат жазбадық. Жұмыс істеу үшін жағдай болуы керек. Өткенде сіздер кеткеннен кейін жиында филиалды жауып тастаймын» деді.

Анардың сөзін қол астындағы мүгедектерде қолдап отыр. Осы кісі келгелі азда болса шаруаларымызды шешіп беруде. Алайда, әкімдікке, «Нұр Отанға» одан қалса ауылдағы кәсіпкерлерге қайта-қайта қол жайып қайыр сұраудан біз де жалықтық. Қасымызда, жұмыспен қамту орталығынан жіберген көмекшілеріміз бар, сол сегіз гектарға көктемде жоңышқа ексек, соны үш мәрте шауып алуға болады деген мүгедектер Гульгана Назыроваға шүйлікті.

«Сен аузыңды жапшы» деп, бірінші топтағы мүгедек Болат Абилдиновқа дөрекілік көрсеткен, басшының өзі, әдептілікті сақтамады. Ал, екі аяғы, екі қолы жоқ, басында рак диагнозы бар, дәрі-дәрмектен көз ашпаған жарым жандардың дауыс көтергеніне шыдамаған Гульгана Назыроваға екі баласы мүгедек Жұмазия Камиловада өкпесін айтты. «Бір балам Алматыда больницада жатыр, бір балам қолымда, оларға тиесілі жәрдемақы еш нәрсеге жетпейді. Жер үйде тұрамыз. Қыстың көзі қырауда отын сұраймыз, ала алмаймыз. Өзім екі бірдей мүгедекке қарап отырып несие аламыз, бұл барып тұрған тозақ қой» дейді.

ТҮЙІН ОРНЫНА: *«Былай тартсаң арба, былай тартсаң өгіз өледі» дегендей, Қаратал ауданындағы «Алпамыс» ас-социациялық қоғамдық бірлестігінің филиалындағы мүгедектердің халі мүшкіл. Қыста жылына алмай аязды бөлмеде жұмыс жасайтындар, әрі өздеріне тиесілі деп санайтын қондырғыларды Рүстемге берсе, жер телімін олардың келісімінсіз Айдарбек деген өзінің заңгеріне арендаға беріп жіберген «Алпамыс» ассоциациялық қоғамдық бірлестігінің басшысы Гульгана Назырова өкпелі екендерін айтуда. Тым құрыса жылы сөз айтып жұбатуға жарамады деп налиды. «Жердің құжатын мен жасадым деп, не істесем де өзім білем, сендердің шаруаларың болмасын» деп айтуға ол кісінің құқысы жоқ. Ол жер әу баста 2002 жылы аудан әкімі Серікжан Бескемпіров болғанда қараталдық мүгедектерге берілген. Сондықтан бізбен ақылдаспай, өзінің заңгері Айдарбекке жалға беріп, жүгері ектіріп, өнім шықпады деп жалтарып, біз шулағаннан кейін күзде өнім жиналғанда комиссия құрып, жалға алушы шығарған шығынын қайтарып алып, қалғанын сендер аласыңдар деп екі сөйлеп отыр. Әрі жерді жиналыс өткізгенде өнім жиналған соң аласыңдар деген енді бермеймін деп айтыпты. Бұл не деген екіжүзділік дейді. Бүгінгі қоғамда мүгедектер тұрмақ, дені сау адамдардың да жүйкесі тозған, сөз көтермейді. Мүгедектер дауыс көтеріп жер дауласа , жұмыс жасайтын жылы орын сұраса, түсінуге болатын шығар.*

Айтақын МҰХАМАДИ

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

«ЖАНҰЯДАҒЫ»

жүйелі жұмыс

«Талдықорған қаласындағы аз қамтылған және көп балалы отбасыларға арналған «Жанұя» әлеуметтік орталығы» 2020 жылы өз жұмысын бастады. Орталық Талдықорған қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің бастамасымен құрылды.

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар орталықтың демеуімен әл ауқатын жақсартып, аяқтарынан нық тұруға мүмкіндік алады. Кез келген жанның қолы жететін бұл орталықтың ашылғанына аз уақыт болса да атқарған іс-шаралары ұшан теңіз. Атап айтсақ, өткен жылдың көрсеткіші бойынша Талдықорған қаласында 4637 көп балалы отбасы тіркелген. Жыл басынан бері Талдықорған қаласындағы «Жанұя» әлеуметтік орталығына 2500-ге жуық азамат өтініш білдірген. Оның ішінде Заң консультациясын 288 әйел пайдаланса, психологтың жеке кеңесіне 506 әйел жүгінген. 23 адамға әлеуметтік көмек

көрсетілген. «Жанұя» орталығы ашылған сәттен бастап 25 бала орталық тәрбиешілерінің қарауында болған. Осындай ауқымды көмек көрсетуінің арқасында көптеген ананың өмір сүруге деген құлшыныстары артқан.

Көмекке зәру жандарға қолдау көрсету мақсатында «компьютерді меңгеру», «кондитер», «аспаз», «массаж» сияқты қысқа мерзімдегі мамандықтарды оқыту ойластырылып, жоспарлы түрде жүзеге асырылуды басты назарға алған. Сонымен қатар заңгер, психолог кеңестеріне ақысыз қолжеткізе алады. Орталық еңбектене білетін отбасының кез келген мәселесін шеше отырып, сол жанұяның мемлекеттің бір іргетасы болуына жол ашады. Кей кездері тегін орталықтар өз қызметін дұрыс атқармайтынын байқап жатамыз, бұл жерде бәрі басқаша. Келген адамды жылы шыраймен қарсы алады. Әрбір атқарылып жатқан іс-шараларынан мін табу мүмкін емес.

Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік осал жағдайын ескере отырып «Жанұя» әлеуметтік-кәсіпкерлік орталығы «Шаған» мейрамханасы және «Пиар» сұлулық салонымен «Жігер» орталықтарының кәсіби саланы игеруге қолдау көрсетуімен қатар сертификаттар тапсыру және олардың өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін келісім-шарттардың арқасында жұмыстарын жоспарлы түрде атқарып келеді. Жанар Болатқызының басқаруымен жұмыс істеп келетін орталық бір емес бірнеше жанға қолдау көрсеткен. Атап айтсақ, 2020 жылы тағдыр тауқыметін көрген А.Урузбаева «Қаркет қоры» республикалық қорына өтініш білдіре отырып, бүгінгі күні Ескелді ауданының Қарабұлақ кентінде тұрғын үйге қол жеткізді. Сондай-ақ, «Жанұя» орталығының қолдауымен үй-жайларды жинау бойынша жұмысқа орналастырылды. Сөйтіп, бір отбасының толыққанды жағдайының жақсаруына қолдау көрсетілді. Сонымен қатар 1979 жылы туылған азамат, үшінші топтағы мүгедек Б.Тұрғанбаеваның жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналасуына көмек көрсетілді. Қазіргі таңда ол тігінші мамандығы бойынша жұмыс жасауда.

Бұл тек екі адамның өміріндегі жағдай, ал орталықтан көмек алғандардың қатары сансыз. Халыққа қызмет көрсету орталығына баламен барып, кезекте тұру мәселесін осы орталық оңтайлы шешіммен шешіпті. Баласымен келген жанға e.gov порталы арқылы оңай әрі жылдам қызмет көрсетілсе, мұнда құжат дайын болғанша баласын қарап беретін мектепке дейінгі даярлық топ та бар.

Алматы облысы әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов Талдықорған қаласының көп балалы және аз қамтылған отбасыларына арналған «Жанұя» әлеуметтік орталығында жағдайы төмен азаматтар үшін аптасына бір рет қабылдау жүргізу барысында талай жанның өтінішін қабылдап, сауалдарына жауап іздеп, шешімін табуға жол сілтеген.

Айта кетейік, осы жылдың алты айында орталыққа төрт жүзден аса әйелдің өтініші түскен. Соның ішінде, 58-і жұмыспен қамтылса, 126-сы үш айлық оқу курсын аяқтап, алған дәрістері бойынша қызмет етуде.

Қиналғанға демеу беретін орталыққа келушілер саны күн санап артып отыр. Ендеше, орталық жұмысы одан әрі жандана бергей.

Ардагүл ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ

ӨҢІР ТЫНЫСЫ

28 МЫҢНАН АСТАМ НАУҚАС коронавирусты жеңіп шықты

Эпидахуал күн сайын өршуде. Алматы облысында бір тәулікте 350 адам вирус жұқтырды. Бұл туралы «Jetisy Media» алаңында өткен баспасөз-мәслихатында Талдықорған қалалық №2 емханасы директорының орынбасары Данияр Сматов мәлімдеді.

Соңғы аптада ең жоғары өсу қарқыны Алакөл - 2,1%, Балқаш - 1,2%, Ескелді - 1,5%, Қарасай - 1,6%, Қаратал - 1,2%, Кербұлақ - 1,8%, Сарқан - 1,8%, Кеген-1,8% аудандарында байқалған.

Бүгінде індеттің өсу қарқыны- 1,0 пайызды құрап отыр. Індет дендегенен бері әзірге ауруханадан 28 854 науқас шығарылған, 19 адам үйде оқшауланудан босатылған.

Спикердің айтуынша, коронавирустан қайтыс болып жатқан адамдардың көпшілігі – екпе алмағандар .

«Вирусқа қарсы екпе аурудан 100 пайыз қорғамауы мүмкін. Бірақ, екпе салдырғандар коронавирус жұқтырса да, жеңіл ауырады, бірен-сараны ғана орташа ауыр жағдайға түсуі ықтимал. Сондықтан Қазақстанда бар вакциналарды салдыруға сіздерді шақырамын. Популистік ұрандарға сенбеңіздер. Халық арасында ұжымдық иммунитет қалыптастыру қажет», –деп қорытындылады Данияр Оралханұлы.

* * *

Қуаңшылыққа тап болған Маңғыстау халқына Ескелді ауданынан тағы 5 вагон шөп жіберілді.

Өңіріміздің жомарт азаматтарының қолдауымен мал азығы сатып алынып, Батыс Қазақстанға салтанатты түрде жөнелтілді. Қол қусырып отырмай, қиналған жұртқа көмек жинап жүрген азаматтар ауданның түкпір-түкпірінен жиналған. Асарға Қайнарлы ауылдық округінің азаматтары түрткі болған.

«Елім деп, жерім деп, осындай азаматтар бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, батыстағы ағайынға көмек көрсетуді жөн көрдік. Қазақ елінің бірлігін, татулығын, жерлестерін ешқандай қиын жағдайда қалдырып кетпейтінін осындайда көрсетпесек, қашан көрсетеміз?» – дейді аудан ақсақалдары.

Жалпы айтқанда, Маңғыстау облысына 4500 астам тюк шөп жөнелтіліп отыр. Мал азығын жинауға 40 тан аса адам келіп атсалысқан. Оның ішінде ауыл тұрғындарынан бөлек, халық қалаулылары да бар. Атап өтсек, Ескелді ауданының мәслихат депутаттары Бақыт Досанов пен Серік Чукенов игі іске өз үлестерін қосқан.

«Қазақ та жақсы сөз бар: «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. Ауызбіршілік, ынтымақ болса, мұндай нәрсенің талайын жасауға әрқашан дайынбыз. Ер еңбекте, елдік қиындықта сыналады. Соны ұмытпайық, ағайын», – дейді халық қалаулысы Бақыт Досанов.

Ескелді ауданының белсенділері шығынға ұшыраған Маңғыстау облысының шаруаларына көмек мүнымен тоқтап қалмайтындығын жеткізді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Дүйсенбі - Понедельник, 16 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.45 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.30 «Ауылдастар»
07.00 «TANSHOLPAN»
08.00 «АЙНАЛАЙЫН»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00,17.20 «Қызық екен..»
13.00 М/ф «Сүйікмді со-фия»
14.00,02.30 «Теледәрігер»
15.00,03.20 «Біздің поли-ция»
15.20,20.35 «Замандастар»
17.00,20.00,01.55 Aqparat
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.20 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.50 «Сана»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Қызық Times»
07.00 «Таңғы хабар»
10.30 «Әсем әуен»
11.30 «Тарих.Тағдыр. Тұлға.»
11.30 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА»
13.00 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Алпыстан асып барамын»
16.00 Российский сериал
18.00 «Оружейный БАРОН»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Індетпен күрескен»
20.45 «Как боролись с пан-демией в Казахстане»
21.00 Итоги дня
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и мед-ведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛТ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Made in Ұят»
15.30 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,30 Astana times
20.30 «Қазақы карантин»
21.00 «Қара ниет-2»
00.40 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Әйел сыры»
06.40,03.35 «Той заказ»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15,02.50 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.20 «Басты жаңалықтар»
19.00 «ГАДАЛКА»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-СТИ»
20.30 «ВЕЛИКОЛЕПНАЯ ПЯТЕРКА-2»
00.30 «Коготь из МАВРИТА-НИИ»
01.30 П@утина

КТК

07.05«Өмір сабағы »
08.10 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.30 «Полицейский роман»
11.50 «Будь что будет»
16.00, 01.30 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ»
18.00 «Екінші әйел»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.35 «Мертвые ЛИЛИИ»
23.45 «Стажеры»
02.35 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (каз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Әкелердің әңгімесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Қазақ үні»
12.35 «Полицейская служба»
13.00 «Олжа»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Қаһарман Вир»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнама-сы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнама-сы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (83-84 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.30 «Әзілдер күнделігі»
06.50 «ВОСЬМИДЕСЯТЫЕ»
08.40, 17.00 «Экстрасенсы-детективы»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Анан-ди»
12.30 М/с «Тайна МОСЛИ»
14.40 «ГЛОРИЯ»
18.10 «Глория»
18.00 «СКАЙЛАЙН-2»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «ВОРОН»
21.50 «ВЗРЫВНАЯ БЛОН-ДИНКА»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Орел и решки»
11.00 «ШАЛЬНАЯ КАРТА»
13.00 «Бастық боламын»
14. 00, 02.15 «Q-елі»
16.00 «ТАЙНАЯ ЖИЗНЬ МОЕГО СЕКРЕТАРЯ»
17.30, 00.00 Сериал «ГРАНД»
18.00 «ВЫБОР МАТЕРИ»»
19.00 «Студия 7»
19.30 «ЧЕРНАЯ ЛЕСТНИЦА»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.30 Х/ф «13»

Открылось наследство после смерти Бимагызымова Кумархана Каппаевича 13.01.2007г. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган , улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73. В течении месяца.

Открылось наследство после смерти Таут Людмилы Валентиновны, умершей 08 июля 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган , улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73, 41-37-73, сроком до 08 января 2022 года.

Сейсенбі - Вторник, 17 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.30, 17.00,20.00,01.55 Aqparat
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
13.00 М/ф «Сүйікмді со-фия»
14.00,02.30 «Теледәрігер»
15.00 «Абай» Д/ф.
15.20,20.35 «Замандастар»
17.20 «Абай мектебі»
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.20 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.50 «Сана»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Қызық Times»
07.00 «Таңғы хабар»
10.30 «Әсем әуен»
11.30 «Тарих.Тағдыр. Тұлға.»
11.30 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА»
13.00 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Алпыстан асып барамын»
16.00 Российский сериал
18.00 «ГОЛОДНЫЙ КРО-ЛИК АТАКУЕТ»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Індетпен күрескен»
20.45 «Как боролись с пан-демией в Казахстане»
21.00 Итоги дня
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и мед-ведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛТ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Made in Ұят»
15.30 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,30 Astana times
20.30 «Қазақы карантин»
21.00 «Қара ниет-2»
00.40 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Әйел сыры»
06.40,03.35 «Той заказ»
08.00 «Доброе утро»
10.00 «КРАСАВИЦА»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15,02.50 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.20 «Басты жаңалықтар»
19.00 «ГАДАЛКА»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-СТИ»
20.30 «ВЕЛИКОЛЕПНАЯ ПЯТЕРКА-2»
00.00 «КЛЕТКА ДЛЯ СВЕРЧКА»
01.30 П@утина

КТК

07.05«Өмір сабағы »
08.10 Т/х «Ясминнің тағдыры»
10.00 Новости
10.35 «Без фильтров»
11.15 , 23.50«Стажеры»
13.40,21.35 «Мертвые ЛИЛИИ»
18.00 «Сенсіз өтпес күндерім»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
01.30 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ»
02.35 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адам-зат»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 К/ф «Сезімтал»
15.30 Д/ф «Мәдени қазыналар» екеуін қатарынан
16.00 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылна-масы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылна-масы»
19.30 Д/ф «Кең ауқымда»
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жай-лы» (85-86 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.30 «Әзілдер күнделігі»
08.40, 16.30 «Экстрасенсы-детективы»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Анан-ди»
13.00 «ҚҰЗҒЫН»
18.10 «РАЙОН №9»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «ВОРОН»
21.50 «БУНКЕР»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00,18.00 Т/с «Выбор матери»
11.00, 19.30 «Черная лест-ница»
13.00 «Бастық боламын»
14. 00, 01.30 «Q-елі»
16.10 «Тайная жизнь моего секретаря»
17.00 Сериал «ИП ПИРО-ГОВА-2»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.30 « Анна –детектив»

Открылось наследство после смерти Таут Виктора Александровича, умершего 18 июля 2013 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган , улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73, 41-37-73 со дня выхода объявления в течении месяца.

Сәрсенбі - Среда, 18 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.30, 17.00,20.00,01.55 Aqparat
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
13.00 М/ф «Сүйікмді со-фия»
14.00,02.30 «Теледәрігер»
15.00 «Абай» Д/ф.
15.20,20.35 «Замanda-стар»
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.20 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.50 «Сана»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Қызық Times»
07.00 «Таңғы хабар»
10.30 «Әсем әуен»
11.30 «Тарих.Тағдыр. Тұлға.»
11.30 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА»
13.00 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Алпыстан асып барамын»
16.00 Российский сериал
18.00 «ОГРАБЛЕНИЕ: КОД 211»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Індетпен күрескен»
20.45 «Как боролись с пан-демией в Казахстане»
21.00 Итоги дня
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Made in Ұят»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и мед-ведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛТ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Made in Ұят»
15.30 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,30 Astana times
20.30 «Қазақы карантин»
21.00 «Қара ниет-2»
00.40 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Әйел сыры»
06.40,03.35 «Той заказ»
08.00 «Доброе утро»
10.00 «КРАСАВИЦА»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15,02.50 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.20 «Басты жаңалықтар»
19.00 «ГАДАЛКА»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-СТИ»
20.30 «ВЕЛИКОЛЕПНАЯ ПЯТЕРКА-2»
00.00 «КЛЕТКА ДЛЯ СВЕРЧКА»
01.30 П@утина

КТК

07.05«Өмір сабағы »
08.10 Т/х «Ясминнің тағдыры»
10.00 Новости
10.35 «Без фильтров»
11.15 , 23.50«Стажеры»
13.40,21.35 «Мертвые ЛИЛИИ»
18.00 «Сенсіз өтпес күндерім»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
01.30 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ»
02.35 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 Д/ф «Кең ауқымда»
11.00 «Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
13.55 роликтер, 9-блок
14.00 К/ф «Ескерту»
15.50 Д/ф «Мәдени қазыналар»
16.05 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылна-масы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылна-масы»
19.30 Д/ф «Кең ауқымда»
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (87-88 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Әзілдер күнделігі»
07.20, 20.00 Информбюро (повтор)
08.40, 17.00 «ЛИЧНОЕ ДЕЛО»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Анан-ди»
13.00 «ҚҰЗҒЫН»
14.30 «ИДЕАЛЬНЫЙ ВРАГ»
18.10 «БУНКЕР»
21.00 «ВОРОН»
21.50 «НАЕМНИК»
23.50 «ВЗРЫВНАЯ БЛОН-ДИНКА
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00,18.00 Т/с «Выбор матери»
11.00, 19.30 «Черная лест-ница»
13.00 «Бастық боламын»
14. 00, 01.30 «Q-елі»
16.10 «Тайная жизнь моего секретаря»
17.30, 00.00 Сериал «ГРАНД»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.30 « Анна –детектив»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.00 « САМЫЙ ПЬЯНЫЙ ОКРУГ В МИРЕ»

Открылось наследство после смерти Таут Игоря Викторовича, умершего 23 сентября 2006 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган , улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73, 41-37-73 со дня выхода объявления в течении месяца.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨЗҚАРАС

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ

2020 ЖЫЛ ӘЛЕМГЕ ТАРАЛҒАН КОРОНАВИРУС ІНДЕТІ ЖАҢА ЗАМАН, ДӘУІРДІҢ УАҚЫТПЕН САНАСҚАН КӨШІНЕН ҚАЛЫСПАУҒА ЕРЕН ЕҢБЕК, ШЫНАЙЛЫЛЫҚ ҚАНА ЖЕТКІЗЕТІНІН МОЙЫНДАТТЫ. АДАМДАРДЫҢ АДАЛ НИЕТ, ІЗГІЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ КІМНІҢ КІМ ЕКЕНІН АДАМЗАТ ТАҒДЫРЫНА ҚАУІП ҚАТЕР ТӨНГЕН КЕЗДЕ ТАНЫЛАТЫНЫН ДА ДӘЛЕЛДЕП БЕРДІ.

Біз, Алматы облысына көшіп келіп қоныстанған 220 мыңға жуық қандастарға қатысты мәселелер, олардың тірлілігі мен қал ахуалы, Отанына, қазақи қоғамға деген сүйіспеншілігі, елжұртпен етене жақын араласу үрдістері, ата кәсіп, ұлттық салт дәстүр құндылықтарымызды жастарға өз еңбек, өнегелі өмірлерімен танытып жүрген ағайынның іскерлік тәжірибесін халқымызға насихаттаймыз. Мүдде, мақсатымыз, кәсіпкерлік іс-ін жалғастыруда келеңсіздікке тап бола беретін ағайындар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң талаптарын жете білмегендіктен қағаз басымдылықтан арыла алмай өзінің де өзгенің де «қабілет» деген ұғымының құрбаны болып құжаттану мәселелерінің уақыты өтіп кететіндеріне де заңды жолмен ықпал етіп әрбір істің түйінін шешуге түбегейлі қолдау көрсетеміз.

Бұл іске аудан қала, ауыл әкімдік қызметкерлері, көші-қон қызмет көрсету басқармасы, аудандық бөлімдері, әлеуметтік және жұмыспен қамту, ХҚКО-ы, жер қатынастар саласының мемлекеттік қызметкерлерімен бірлесе дөңгелек үстел, кездесу жиындар ұйымдастырып өз елді мекендерінде мәселенің мәнісін талқылап кейбір күн тәртібіндегі ұсыным пікірлерін жоғарғы билік өкілдеріне, лауазымды тұлғалар атына тікелей жеткізіп келеміз.

Осы жолғы іс сапарымыз Алматы облысы бойынша 1991 жылдан бері 13187 отбасында 39282 ағайындар шоғырланып орналасқан Еңбекшіқазақ ауданында 4 күнге жалғасты.

Алматы облысы бойынша «Қандастар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы болып өзім және Алматы облыстық «Қоғамдық келісім» КММ мекеме басшысының орынбасары Калиев Рустем Жарқынбайұлы, Этносаралық қатынастар саласын талдау және мониторингілеу бөлімінің басшысы Нуртаев Даурен Нұртайұлы үшеуіміз көшпелі отырыс қабылдау іс шараларын аудандық ішкі саясат бөлім басшысы Исламов Момынжан Акпаржанович, аудандық Көші қон қызметі бөлім басшысы полиция майоры Қожанов Даулет Әлібекұлы, Шелек округ әкімі Абдихалиев Сакен Даулетханович басқа да мемлекеттік қызметкерлермен бірлесіп өткіздік. Қабылдауға Талдықорған қаласынан шықпай жатып хабарласып жазылған қандастардың 99 пайызы Қытай елінен келген ағайындар болды. Санын жазып мақтанғандай болмай сапасына басты назар аударғымыз келеді. Әуелі аудан әкімі Жақанбаев Әлібек Әскербекұлы бізбен кездесіп, ағайындарға қатысты барлық мәселелер жайында бір сағатқа жуық емін еркін әңгімелесуі аудан, қала, елді мекендерді аралап жүрген іс сапарымызда алғашқы рет болды. Өте керемет әсерлі де шынайы ниет пен өткізілген қабылдау болды. Шындығына келіп, турасын айтар болсақ, біздің қандай мақсатпен жүргенімізді тыңдау мен бірге өзінің де ағайындардың болмыс, іскерлік, писихологиялық қасиет ұстанымдарымен санаса талай мәселелерді өзі басқарып келген аудандарда ағайындардың өз қатысуларымен түйінін тарқатып шешіп келгеніне де тоқталды. Алакөл ауданының әкімі болған кезінде ауданның мәслихат депутатына ҚХР-нан келген қандасымыз Нүсіпханұлы Қадыр-Сұлтанның кандидатын ұсынып жүзеге асырғаны іскер парасатты тұлға екенінің айқын көрінісі дер едік. Бұл үрдіс өз сыбайластары немесе рулас туысқандарына бүйрегі бұрылып тұратынымен талай қабілетті жандар соның ішінде алыс жақыннан келген қандастарға қызғанышпен қарайтын әкім қараларға үлгі боларлық жағдай және мемлекетіміздің қандас ағайындарға деген сындарлы саясатының салиқалы сара жолы деуге толық негізі ұлылық.

Көшпелі қабылдау кешенді жоспар іс шараларымыз қандас ағайындар бетпе бет жолықсақ деген ұсыныс пікірлеріне сәйкес Есік, Шелек ауылдық округтері және бірнеше ауыл, елді мекенде жалғасты. Ең қызығы ағайындар ресми кабинеттен қарағанда табиғат аясында далада отырып емін еркін әңгімелесу кезінде ойларын бүкпесіз жеткізетіні халықпен қоян қолтық араласып жұмыс жасау деген ұғымның көз алдымыздағы шынайы көрініс куәсі болды.

Барлығын тізбектеуді мақсат етпей жалпы түйінді мәселелер бойынша айтпағымыз: Қандастарымыздың көбісінің өтініш-тілек, ұсынымдары ауыл шаруашылығын дамытуға, жеке кәсіпкерліктерін ұлғайтуға, өз күштерімен баспана салуға жер үлес, телімін алу мәселесі екен.

Бірақ та ол үшін кімге барып қалай өтініш беруден бастап бұл мәселеге қандаспын демей-ақ ҚР-ның азаматы ретінде де қатысуға болатынын көбісі түсіне де бермейді екен. Жеке кәсіпкерлікпен шұғылдану үшін қалай бастауды білмегендіктен заңнамалық ұғым, нормативтік акті, ереже, стандарттарды яғни ҚР-ның қолданыстағы заң талап қағидаларын жете түсінбей ақыл ой өрістері кейде тығырыққа тіреле беретін жағдайда аз емес екен. 2021 жыл шыға Қандас мәртебесін алған ағайындар Қазақстан Республикасының азаматтығын тікелей алуға құқылы екенін күні бүгінге дейін түсінбей жүргендері өте өкінішті. Осы орайда, Ықтияпхат алуға құжат тапсыру үшін келген ағайынның құжатын тікелей азаматтыққа қабылдап ала салатын қызметкердің шынайы жанашырлық сезімі жетіспейді. Олардың уәжі өзі ықтиярхат аламын деп өткізді дегенге саяды. Шын мәнісінде келген ағайын құжаттанудың рет қағидасын қайдан білсін. Тек түсіндіре алмаған мемлекеттік қызметкердің жауапкершілігі төмен деуден басқа айтар жоқ. Оған себеп міне, «бүгін ықтиярхат алдық енді ары қарай не істейміз? Қашан азаматтығымызды береді» деп Тұрсынқожа Жұмақан, Кідің Жаңабай деген қандастар қабылдауымызға келгені. Ертең барып бірінші кезекте қандас мәртебесіне құжат тапсырып сол құжат келе ықтиярхаттың көшірмесін қайта тапсырып ҚР-ның азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуға болатынын түсіндіріп бердік. Одан кейін Қытайда қалған туысқандарын шақыртуға Көші қон қызмет бөліміне жазбаша өтініш бере алатындарын да түсіндірдік.

Сарыбұлақ ауылында тұрақты қоныстанып 30-дай түйе, 10 шақты бие ұстап шұбат, қымыз өндіріп аудан көлемінде халыққа қызмет көрсетіп ата кәсібімізді қолға алған кәсіпкер Әлбосын Азангұлдің шаруашылығына барып нақты жағдайларымен таныстық. Кәсіпкерліктерін қалай дамыту жолдарын, жер үлес пайын алуға қатысатын заңды жолдарынан заңнамалық кеңес бердік. Облыстық Атамекен кәсіпкерлік палатасына өтінішін жазып беріп орталық жүйеге тіркелуіне ықпал жасадық. Аудандық басшыларға өтінішін кәсіпкерлікті қолдау оқуына қатысып сертификат алған соң қайталап қарауды ұсыным етіп айтып кеттік. Бұл мәселені келер жылы жер қатынастар заңына енгізілген өзгерістер мен Ішкі істер министрлігінен біраз функциялар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне өтуі бойынша өткен аптада Президентіміз Қ.Тоқаевтің қол қойған жарлығына сәйкес «Халықтың көші қоны туралы» ҚР-ның заңына енгізілетін өзгерістер негізінде 2022 жылы жүзеге аса бастайтын қағида, стандарт, ережелер бойынша тұрақты бақылауда ұстайтын боламыз.

ҚХР-нан келген қандасымыз Бақыт Жаңарыс 2020 жылы қыркүйек айында Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға Шелек ауылдық округінде Көші қон бөліміне құжат тапсырған. Біракта құжатын қабылдап алған инспектор қолына құжаттарын алғаны туралы хабарлама бермеген. Осы мәселені көші қон бөлімі басшысымен талқылап шешімін таптық. Бақыт Жаңарыс құжат тапсырған кезде бір делдалдың көмегіне жүгініп біреудің үйіне 3 айға уақытша тіркелген. Уақыты өте үй иесі тіркеуден шығарып жіберген. Сонымен Еңбекшіқазақ ауданы бойынша қандастар өздері сенім артып «Жігіт ағасы» деп сайлап алған ағайындардың топырақты өлімі, торқалы тойы басқа да көптеген мәселелерін бірлесе шешуге ешбір ақысыз көмек қолын созып жүрген ардақты азамат Райыс Әріпжан өз үйіне тіркеуге тұрғызып ҚР-ның азаматтық куәлігі мен шет ел төл құжатын алуға толық мүмкіндік жасап берді. Айтпағымыз төрт күн бойы ел арасында жүрген кезде Еңбекшіқазақ ауданында тұрақты тұратын қандастардың 80-90 пайызы ҚХР-нан келген ағайындар. Сол қандастарымыз не нәрсе, қандай жағдай болса да бір-біріне асарлап көмек жасасып ауыз біршіліктегі берекелері шынында ұлылық құндылық куәсі және өздері сенім артқан Алматы облысы бойынша қажылар қоғамының бірінші орынбасары, өзіде жеке кәсіпкер химия ғылымдарының кандидаты Райыс Әріпжанұлы мырзаның ұйымдастырушылық адал ниет жанашырлығы екеніне бізде разы болып қайттық.

Ал, 300 мыңнан астам халық тұратын, басқа ұлт-ұлыс өкілдері көптеп шоғырлана орналасқан Еңбекшіқазақ ауданына әкім болып келген Жақанбаев Әлібек Әскербекұлын алты айға жетпей-ақ халық етене жақын танып, кездесудегі әрбір іскерлік шешімдеріне дән риза болып қошеметпен қолдап отырғаны «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген бабалар даналығының бүгінгі өмір көрінісі іспеттес.

Алматы облысы бойынша әлі де қалған 13 аудан 3 қаланы аралап қандастармен және де қоғамдық ұйым ретінде халық өкілдерімен жеке кездесіп ашық екі әңгімелесу, жеке кездесулер өткізіп қоғамда болып жатқан немесе болуы ықтимал келеңсіз жайттар туралы шынайы ақпаратты ел-жұртқа және билік өкілдеріне тікелей жеткізіп еліміз бен мемлекетімізде «Халық үнін тыңдайтын» қазақи қоғам қалыптасуына ат салыса береміз. Ал, іс сапар кезінде айшықтала анықталған ақпарат пен қызметкерлердің қызметтік жауапкершілігіне қатысты туындаған мәселені атақ абырой лауазымына қарамай оқырман қауым, халықтың назарына әлеуметтік желілер, БАҚ арқылы тікелей ұсынатын боламыз. Ел іргесі сөгілмесін, елін сүйген қандастарымыз қатары арта берсін ағайын.

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

АЙБАРША ӘДЕМІСІНЕ ӘДЕМІ. АТЖАҚТЫ ӨҢІНЕ ҚИЫЛЫП КЕЛГЕН ҚИЯҚТАЙ ҚАРА ҚАСЫ ӘР БЕРІП ТҰРАДЫ. ҮШКІРЛЕНІП БІТКЕН МҰРНЫ ДА КЕҢ МАҢДАЙДЫ КӨТЕРІП, СҰЛУ БЕТТІҢ ШЫРАЙЫН ШЫҒАРҒАНДАЙ. КӨЗІ ШЕ КӨЗІ, ӘЙЕЛГЕ КЕРЕГІ КӨЗ ҒОЙ, ТҰНЫҚ ҚАРА КӨЗДІҢ АР ЖАҒЫНДА САБЫРЛЫЛЫҚТЫҢ БІР ӘДЕБІ БҰҒЫП ЖАТҚАНДАЙ

ДОЙБЫ ОЙНАҒАН екі әйел

Жұқа ерніне қызылды да көп жақпайды, сонан ба, қаймыжықтай боп көзге сұлу көрінеді. Осының бәрі әйел сұлбасын асырып тұрған адамзаттың сыйы дерсің. Тағамтану институтына жаңа келген экономист әйелдің бір кемшілігі – бойдақ екен. Жаңа мекемедегілер әрлі-берлі кездесіп қалғанда өмірдің осы бір қияс сиына қалай кезіктің дегендей көзбен болса да көңіл ұшындағы үпелек сауалды білдіріп өтеді.

Әйелдің отбасы жағдайын бірінші боп білген кадрлар бөлімінің бастығы Күлиман еді. Өзі осындағы кадр біткеннің туған-өлген жылын том-том кітап қып түптеп, сейфке салып отырады. Кімнің қайда туып, қандай тағдыр кешкені бұның алақанында айнаға қарағандай көрініп тұр. Ә дегенде Айбаршаның жеке парақшасындағы өз қолымен толтырылған «Отбасылық жағдайы» деген тұсқа келгенде «ері жоқ» деген жазуды оқып, тіксініп қалды. Бірақ, қашан көрсең де өзінен үш-ақ жас кішілігі бар әйел күйеуі жоқ ұрғашының тәйтіктігіне салмай, сәлемін бұлдамай сызылып тұрады. Ең бастысы, жұмысқа мәттақам екен. Лездемеде тігісін жатқызып есеп бергенде бәрі тәк тұрады, ешкімнің көңілін қалдырмай, жұмсақ даусымен жұмыс жайын ғана жаңылыспай айтып шығады.

Күлиман жаңа келген әйелден көп күдіктеніп еді, бірақ басқан ізі таза, зымырап өткен үш айда кірлі табанның кінәратын көре алмады. Десе де, үш байға тиген ұрғашының көңілінен қол бұлғаған бір күдік кетпей қойды. Бір мезет өзіне-өзі сұрау сап, жауаптан да жаңылмады. «Қырықтың бел ортасына келгенде қылтың-сылтыңды қойдым, тапқан табысым бір басыма жетеді. Кімнің де болса бетіне тура қараймын, үш байға тиген қатын ештеңеден қорықпайды» деп көкайыл көңілін қайрағанмен әйел сезімін бунаған бір түйткіл әркез мазасын алып, өз-өзінен тиіседі де тұрады. Тәңір силаған тәуліктің бергенін қанағат қылмай, әркіммен аңдысқан әйел шіркіннің іші пысады екен. Түн баласына дөңбекшіп шығып, көрер таңды көзімен атқызып жүр. Жұмыста әнебір әйелмен дойбы ойнаушы еді, ол да Нұр-Сұлтанға көшіп кетті. «Кеткені жақсы болды, ұдайы мені ұта беретін» деп бір жеңілдеп қалды. Бір ай өткесін жаңадан келген әйелге: «Бірге шәй ішпейміз бе?» - деп сұрау салып еді, «Апай, шәйді мен қояйын, үйде финский шәйнегім бар, соны алып келейін» деп алып-ұшты. «Апай» деген сөзі инедей қадалды, «мені кәрісініп тұр ма?» деп тыржиып қалды. «Шәйнек менде де бар. Түске таман кел», - деп сәл жібігендей болды.

Қасына жақын отырған адамның жанына үңілді. Білімді әрі арғы-бергіден хабары мол екен. Көп сөйлемейді, сұрағыңа ғана жауап береді. Иманы алда сияқты. «Мұндайлар «служебный романға» көнбейді. Қанша әдемі болғанмен өздерінің құнын біледі». Шәйді жинап бола бере:

– Дойбы ойнауға қалайсың? – деді.

– Жұмыс уақытында ма?

– Қазір түскі уақыт. Ми демалады.

– Мен сыртқа шықсам ба деп едім.

– Онда есік алдына барып сергіп кел.

Айбарша есіктен шыға бергенде «Апай көңіліне алып қалмады ма екен?» деген күдігі сұлу тұлғасынан білініп бара жатты.

* * *

– Шәй іштік, енді дойбы ойнайық, - деді Күлиман.

Айбарша үндемеді, қысылып тұрған кейпі бар. «Мен осы кімнің бөлмесінде отырмын?» Көз алдына есік маңдайшасындағы «Отдел кадров» деп былшитып жазған жазу көлең етті.

Күлиман онша көрікті әйел емес. Дөңгелекше келген қара қошқыл өңінде бұжыр-бұжыр қара дақтары бар. Тұлғасы да еркек пішіндес. Дойбы тастарын тіккенде байқады – саусақтары майлы әрі быртықтау екен. Тырнақ астына жиналып қалған кірдің қара дағы да бар. Осы быртық саусақтарымен лездемде тақтаны жалп еткізіп жазып, дөп-дөңгелек дойбы тастарын тігіп тастады.

– Ойын білесің ғой?

Үндемеді.

– Ал, жүр. Ойынды ақ бастау керек.

Айбарша «Бісімілла!» деп бастады.

«Мынаның имандылығын қарай гөр. Әке-шешесі, сірә, діндар болса керек. Әйтпесе өз қатарларымның аузынан «Бісімілланы» бірінші естуім». Күлиман да жүрді.

Айбарша ә дегеннен қиғаштап, жоғарыға қарай жол тартты. Жоғары қорғансыз тұр. «Әлде... әдейі осылай жүріп отыр ма екен?» деп, қатарынан екі тасты бірдей жеп қойды. «Алғашқы ойында жеңіле салайын. Апайдан ұят боп жүрер». Жеңілейін десе де, ашық жатқан жол жеңіске бастап, биге шығып, төңкеріліп түссем деген құмарлық жанын дызылдатып барады.

Апайдың өңі күреңгітіп кетті.

– Мен сенен үш-ақ жас үлкенмін, – деп кенет басын көтеріп ап, саңқ ете қалды. – Мені «Апай» демей, атымды атай бер.

– Сонда да ыңғайсыз ғой, - деді Айбарша төмен қарап.

– Ыңғайсыз түгі де жоқ.

Айбарша да сөзді бұрып әкетті.

– Иә. Спортта ыңғайсыздық болмайды.

– Оның үстіне әйелдер спорты, – деп Күлиман қосып қойды.

– Апай, – деді Айбарша басын көтеріп. – Мен бала күнімде шахмат, дойбы үйірмесіне қатысқам.

– Солай де. Екі жеп биге шықтың. Сенің айтылмаған сырларың аз емес сияқты. Бесте кел. Ойнаймыз.

Бірінші ойын осылай аяқталды.

* * *

Күлиман екі-ақ рет жеңді, онда да қарсыласы біліп отырса да білмеген боп жүріп, әдейі мерейін өсірді. Өйткені, жаңа таныс жеңілген кезде әжептәуір мұқалып қалады екен. Ойыннан кейін ұзын дәлізде ұшырасып қалғанда қарсыласына қарап қабақ түйіп өтеді, әжетхана алдында жүздескенде де басакөктеп бірінші боп кіріп кетеді. Тіпті, түсте бөлмесіне шәй ішуге келгенде «Дайынсың ба?!» - дейді ызбарланып. Кеше «Әрқашан дайынбыз!» - деп саңқ ете қалды. «Пионерсің ғой», - деп бір түйреп өтті. – Комсомолға да өтерсің», - тақтаны жайды да, шашылған тастарды өзіне қарай жалпақ алақанмен ысырып тастады. Тағы бір жеңілгенде: «Сұлусың ғой, бәрін игергенсің ғой», - деп ап-анық қып айтып салды. Сол сәт «Сұлулықтың дойбыға қатысы не?» деп ойланып қалды Айбарша. «Менікі не осы, осы кісіден тағы бір жеңілейінші, жасы болса үлкен, «кадровик» деген аты бар» деп қиялын тұйықтап еді, санасы құрғыр жүрістен жаңылмай тағы да жеңістің жолы жылт етіп көрініп қалды. «Геометрия мен алгебрадан «5» алғаным не керек, өмірден «5» ала алмай жүргенде... дардай әйелді жеңе бергенім кімге керек» деп те өзіне-өзі тосқауыл қойды. Кеше бір ұтылғанда: «Сен кадровикті жеңе бердің ғой», - деп айтып қалды. Өзінің де осында келгеніне үш айдан асты, қызыл тіл ұяңдықты әрі ысырып тастады.

– Кадр көп қой.

– Кадрдың көптігінен ғой, жеңіп жүргенің, - дегенде, тасқа тигізейін деп тұрған сүйріктей саусағын тартып ап, орнынан шалт тұрып, бөлмеден шығып жүре берді...

Сонан бері үш күн өтті. Кадрлар бөлмесіне бармады. «Бармаймын» деп шешті. Түскі үзіліске тақап қалғанда телефоны шыр етті.

– Айбарша, ренжіп қалдың ба? Басы бос әйелдердің арасында ондай сөз бола береді. Кел, шәй ішейік, соңынан дойбы ойнаймыз, - деп телефон тұтқасын тастай салды.

Айбаршаның тіні бос, біреудің аузына қарап тұратын көңілшек. Алғашқы махаббатынан алданып қалды, бірақ соңынан қумады. Онан кейін де бойдақтығын бетке басып кеткендер бар, бірақ «жалғыздың үні шықпас» деп, ешқайсысының етегінен ұстамады. «Сабақты ине сәтімен» болмады. Енді-енді ғана сөз парқын түсініп, көкірегіне бір қуат пайда болып, әйелдік қарама-қарсылығы ояна бастаған секілді ме-ау. «Қой, барайын, үлкен басын кішірейтіп, телефон соғып отыр. Отдел кадров басымен... Бірінші басшымен де тікелей байланыста... Барайын. Бірақ...» деп артына бұрылып, селт ойланып қалды: «Мен де әйел екенімді білдіремін. Басымнан сөз асырмаймын». Кәмпит-сәмпитін жылтыр дорбаға салып ап, солай қарай аяңдады. Ұзын дәліздің ортан беліне жеткенде есік маңдайшасына қағулы «Отдел кадров» деген жазуды жаңа көргендей тағы бір оқып, тіксініп қалды. Сұқ саусағын бүгіп, есікті тық еткізді. «Кіріңіз!» деген қарлығыңқы даусы естілді.

– Сәлематсыз ба, Күлиман апай!

– Апай деме деп едім. Дойбы ойнағанда бәледейсің. Неге есіңде сақтамайсың?! Атымды атай бер. Екеуміз де әйел емеспіз бе? – деп ә дегеннен шаптығып қалды.

Үндемеді, бірақ ішіне түйді, дереу қолбаладай қалбаңдап, шәйнекті тоққа қосты. Ала келген ол-пұлын да үстелге қойып, жымиып жүріп, бір сұлу көрініске еніп кетті.

Шәйді бір ұрттап болысымен қарама-қарсы отырған Күлиман делебесі қозып тіл қатты.

– Дойбыға қалайсың?

– Дойбыны кім жек көрсін.

Үн-түнсіз бір-бірін бағып отыр. Айбаршаның мылтық ұшы да қамалдың арғы бетінде жылт-жылт етіп сес көрсетіп тұр. «Осы кісі қызық өзі» деп, түсін суытып, тағы бір кесе шәй құйды.

Шәйдің орнын жинар-жинамастан тағы да ойынға кірісіп кетті. Бұл жолы да тақтаны үй иесі жайды. Шәйға қанып, қарсыласының әбден әдісін алған Айбаршаға қарсы алдындағы еркек пішіндес әйелдің сөзі де, айбары да әсер ете қоймады. Ол олақ жүріс жасап, дөрекі сөз айтса да, түк болмағандай тыңдап, тақтадан бас алмады. Төрт жүрісте «жау шебіне» шығып, дөп-дөңгелек дойбы тасын төңкеріп қойды. Сонда жеңілген жақтың айтқаны:

– Осы, сен, кадр іздеп жүрсің-ау, - деді.

– Неге олай дейсіз?

– Үш күн жоғалып кеткенде кіммен ойнадың?

– Ізденсең резерв көп. Бірақ, мен тек сізбен ойнаймын.

Күлиман қырылдап бастап, қылқына күлді. Анда-санда ішін басып қояды. Қырылдайтыны – шеккен ащы «Беломордың» түтіні көкіректі ыс боп көмкеріп қалған. Әбден күліп болғасын:

– Әйел мен әйел де ойнай ма? – деді бетіндегі қара дақтары бүлк-бүлк етіп күлкі шақырып.

– Спортта әйел мен еркек кездеспейді.

Күлиман тағы да күлкіге көміліп, буынып қалды. Бұрыштағы қоқыс салғышқа иіліп, қақырығын былш еткізді.

– Үлкен спортта ше?

– Сіз де сөйлей береді екенсіз.

Күлиман жақ тым-тырыс. Көңілінде «тық десең, тауыққа тиген» ызың бар. Дойбыдан да, сөзден де ұтылып отыр. «Тілі шығайын депті. Сонда да бірге шәй ішетін біреу керек. Дойбы ойнайтын да адам керек. Тек анда-санда бір ұтылып тұрса... Тілін шығарған да өзім...».

– Ертең ойнайық, - деді дөңгелек тастарды күректей алақанымен ысырып тастап. Дойбы тастарының бір-екеуі тық-тық етіп еденге аунап түсті.

* * *

– Дайынсыз ба? – деп Айбарша есіктен сөйлей кірді.

– Шәй ішіп, күшейіп алып кірісейік те. «Ә-ә, мынау өзі белсенді ғой. Көктем әсер етіп жүр ме екен өзіне». шықтым, - деп әпсәтте дөңгелек тасты шалқасынан жатқызып қойды.

Шәй бітер-бітпестен Айбарша сүйріктей саусақтары иіліп, тастарды тіге бастады.

– Сізді бір ұтып тастайын да, далаға шығып, сергиін. Маған сөйледі ілесе аласыз ба?

Қара жақ үнсіз. «Мынау, Құдай біледі, өткен түн құтысына бірдеңе құйдырғаннан сау емес».

– Ал, кеттік, - деген нәзік дауыс

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

естілді. – Биге де

– Би болсаң да өтбетіңнен емес, шалқаңнан түстің ғой, - деп қарсыласы кекете.

Айбарша түсіне алмай абдырып қалғанда Күлиман тағы да ішегі қатып күліп, бір «Беломор» тұтатты.

– Күл, күле түсіңіз, Күлиман апай, - деді тақтаны жинап жатып. – Онан да, апай, сізге шахмат үйретейін де.

– Мың жерден үйреткенмен сен король бола алмайсың. Менің пешка болғым келмейді. Дойбы болса да шалқамнан түсіп, би болып жатқаным жатқан.

– Сіз білесіз ғой.

– Мен білгенді сен де білесің. Дойбы болса да осылай домалатып ойнай бергенім олжа, - деді Күлиман бір сәт мұңайып қап. – Шахматты байы барлар ойнап, мат қоя берсін.

– Мен шәй қояйын. Шәй ішіп отырып ойнаған рахат емес пе, - деп Айбарша қалбалақтап қалды.

– Шәйдан кейін ойнаймыз, - деді үй иесі әпсәтте қабағын шытып. – Адам ләззат алғанда тек ләззатпен айналысу керек, - деп шүпірлеген тастарды алақан сыртымен ысырып тастады.

Айбарша шәй қамына кірісті. Бүгін өзін біртүрлі жеңіл сезініп, дойбы ойнауға құмартып жүр. Көз алдында бір қызыл сызық алабажақ тақта бойымен жүйткіп, бірінен кейін бірі биге шығып, дөңгелек тастар төңкеріліп түсіп жатыр.

– Екі жеп, биге шыққың кеп шыдамай жүрсің-ау, қой, енді бастайық, - деп Күлиман тағы да тиісе сөйледі.

Шәйдің орнын жинар-жинамастан ойынға кірісіп кетті.

– Енді бір рет ойнаймын, көңіліңіз қалмасын. Спорт әрқашан екі таймнан тұрады, - деді Айбарша алғашқы жеңістен кейін. – Бөлмеге барып жұмыс істейік. 5-тен 6-ға дейін ойнасақ та кенде қалмаспыз, - деп, тағы да бәсекені жеңіспен аяқтап, орнынан көтеріле берегенде қарсы отырған Күлиман ернін тістене сөйледі.

– Оны кадр шешеді.

Айбарша естімеген боп есіктен шыға берді.

* * *

Сағат бес болмай-ақ Айбарша кадрлар бөлімі есігінің алдынан екі рет өтті. Не десең де, осы есікте бір сұс бар. Бұжыр-бұжыр әйнегі шытынап, маңдайшадағы арбиған әріптер күн сайын үлкейіп бара жатқан сияқты. Ашық есіктің алдынан әйел сұлбасы екінші рет кері қайтқанда бас бармағын шошайтып, өзіне шақырды.

Дойбы тастары сол күйі жиналмапты. Биге шығып, төңкеріліп жатқан тасқа екеуі де көз қиығын сата қарады. Айбарша білегіндегі күміс сағатқа үңіліп, еркінсі сөйледі.

– Күлиман апай, мен енді сізбен бірге шәй ішпеймін. Соны айтайын деп ерте келдім.

– Дойбыны да қойдың ба?

– Қойдым.

Ол тағы да қырылдай күліп, бір «Беломор» тұтатты. Сосын күрк-күрк жөтеліп, қоқыс салғышқа қарай ұілді. Тәмпіш танауынан қою түтінді ытқытып:

– Дой-бы-ны қою қай-да-а, – деді үзіп-үзіп сөйлеп.

– Оны сізден сұрамаймын. – Айтарын айтып, бұрылып кетті.

Шығып бара жатқан әйелдің дөңгеленген бөксесі көз алдына тартылғанда дойбы тастарын көргісі келмей дір-дір еткен алақан сыртымен ысырып тастады. Дөңгеленген тастар сау етіп жерге құлады. Тақтаның жалаңаш қалған ақ пен қара төртбұрыштары дойбы тілеп жұтынып тұр. Күлиман тоқ білегі дір-дір етіп телефонға қол созды. Қою түтінді аузынан шығарғанда әйел бейнесі көмескі тартып көрінбей қалды. «Жұмыс тауып ал деп айтсам ба екен...». Сол қолында телефон тұтқасы, оң қолында «Беломор» тұқылы. Әлсін-әлсін сорып, аузы бір босар емес. Байланысқа түспеген қара телефон ызыңдап сөз сұраса, дөңгелек ішіндегі тышқанкөз тоғыз сан мені бұраса екен деп жұтынып тұр. Сұқ саусағын дөңгелененген 0-ге тығып ап, қайта суырып, сорайған тұтқаны тарс еткізіп тастай салды. «Соны қойшы» деп күбірлеп, тағы бір «Беломор» тұтатты.

Куандық ТҮМЕНБАЙ
madeniportal.kz.

Новелла

ҚАЙҒЫЛЫ ӘҢГІМЕ

– Ғани!

Естіген жоқ. Қалың ойға шомып отыр. Екі ара – тізілген үстел, қаптаған орындық, толған кісі. Біреу-міреуді қақпай-соқпай өкпе тұстан аман-есен өте шығарына күмәні бар. Қапылыста, ыдыс-аяқты іліп әкетіп, дастарқанды аударып-төңкеріп кете ме деп қорқады. Шақыртқаны жөн.

– Ғани!

– Түртіп жіберейін бе?

– Иә.

Түртіп жіберді. Даяшылар зыр қағады. Қатар-қатар тұра қалған бөгеттерді бұза-жарып, жазғы терраса ішін шыр көбелек айналады. Біреуі аспалы себет сыртына төгіліп жатқан қызылды-жасылды гүлдерге құмырадан су құйып жүр. Шашқан дым – ылғал айдап – шашырап жетеді. Тұман бүркіп, төңірегін былғайды. Ыстық жалын басылар емес, самал лебіне ілесіп жан-жақтан құлайды. Кафені тоңазытып тұрған – тұма, бастау. Төменде – сопақ тастарды аралай ағып сылдырап бұлақ жатыр. Түбінен мөлдір су ағысына қарсы жүзген балық көрінеді.

Ол басын көтерді. Жан-жағына қарады. Көзі түсті, анық көрді, бірақ, жыға танымады. Кенет қадала қарап тұрып шырамытты да, орнынан көтерілді, қападар жүзі күліп қоя берді.

– Ғанипаш!

Жүзі сынық.

– Бері жүр.

Үстелді айналып келе жатқан Ғанипаға төте жолды нұсқап жіберді. Қыз – қуанышты, көрмегелі көп айдың жүзі болды. Тосын кездесті, кездейсоқ, рақат.

– Қайдан жүрсің, – деп күле сөйледі құрбысы.

– Күнде отыратын орным.

– Күнде?

– Иә, не болды?

– Біз түстікті осында ішеміз.

– Қалай байқамағанмын.

– Әрине, кафеге асығып келеміз, жылдам асты тез ішеміз, сосын, алды-артымызға қарамай кері қайтамыз, жөнеп.

– Тізе бүк.

– Иә.

– Дамылда.

Ол тізе бүкті.

– Қазір, – шағын сөмкесін ашып, айнасын шығарды, бет-жүзін тәртіпке келтіре бастады.

Түрі жүдеу, солыңқы. Әзер сөйлеп отырған кісі тәрізді. Бір сәт қайғыдан хабар беріп, екеуара үнсіздік орнады. Ғанипа ыңғайсызданып отыр. Біреудің жалғыздығын бұзып...

Кафе алдында бір-біріне қарама-қарсы ағызып келе жатқан қос автомобиль тап табалдырық тұсында, есік түбінде бір-бірімен қатты соғылысып қалды. Шулаған жұрт, жылдамдығын тежеген машиналар түскі астың берекесін кетірді.

– Басқа жаққа барайық.

– Жақсы.

Екеуі тысқа шықты.

– Білесің бе, – деді ол үнсіздікке қайта беріліп, сосын, уақыт өткізіп

барып, алысқа қарап тұрып жай ғана күбір етті, – кеше қайтыс болды.

– Қайтыс болды ма ақыры?

– Қайтыс болды.

– Бұл не, сонда?

– Білмеймін. Кетіп жатыр, кетіп жатыр.

– Тоқтайтын күні бар ма?

– Менен сұрайсың ба?

– Иә.

– Қайдан білейін.

– Әлде, жалпы адамзаттық жаза ма бұл, мүмкін, ескерту шығар.

– Бар ма өзі?

– Бар.

– Бар болса, неге араласпайды?

– Өзімізден емес, өзгеден көреміз, ниетіміз жаман.

– Пейіліміз ақ болса да, пейіш қолымызда емес.

– Рас.

Жүрістері – баяу, жүздері – қапалы. Күн қыздырған асфальт жолдың бетіне құм үйіріліп қалыпты. Құмырсқалар көп-ақ, ары-бері жөңкіліп, жұмыс істеп жатыр, мәңгі үдеріс, бізден бұрын да еңбектенген бұл жұрт, кейін де – қыбырлап жатататын ел.

Екеуі де ой үстінде. Ерболат жоқ, деп ойлады Ғани, Ерболат жоқ. Үйлер тұр, көшелер жатыр, жолдар бар. Ерболат жоқ. Өнер дегеніміз өмірге деген эстетикалық көзқарас, деп еді соңғы рет жүздескенде.

Кешір, мен өлімді түсінбеймін, қалай ол, қалай, қайда кетіп қалды. Кеше ғана сөйлестік, он күн бұрын, пәтерінде болдық, дауысы емен-жарқын, есімде, құлағымда әлі жаңғырып тұр:

– Жанымдағы екі адамның диалогке келіп жүргеніне бірнеше жылдан

асыпты, жалпы, күтінсе, көп өмір сүруге болады екен.

Дәл осылай айтты. Тембр голоса известен, тональность исключает фальш, слова, как сейчас, аккуратны, точны и живы. Бәрі жадында.

– Не дедің, Ғани?

– Білмеймін.

Ол қолындағы қағазды бүктеп-бүктеп қоқыс сауытқа лақтыра салды. Ғанипа қамығып қарады. Дағдарып қалды, ақырын сөйлеп жұбатып тұр.

– Жылама, Ғани, енді ештеңе өзгермейді, жылама, Ғани.

Тағы қағаз алып шықты. Қызық, өз айтқанына өзі сенеді. Ғаламтордың болжамы жақсы емес, ұзаққа бармайды, бірақ, сөйлеген кезінде – жігерлі, өзіңді де қайрап жібереді, амал жоқ, сенесің, қолдайсың, тілейсің.

Күн ыстық. Есінде тағы бір сақталып қалғаны – жоспар құрып жатқаны. Жастарға арнап театр мектебін құру мәселесі, қаражат та, қолдау да табылған. Өзі дәріс оқиды, сосын, бізді – шақырды.

– Конрад Экхофф, Франческо Риккобони еңбектерін аударуымыз қажет,

әлі көресіңдер, Станиславский жүйесін талқандаймыз, әшкерелейміз, негізгі постулаттарын Аристотельдің «Поэтикасынан» ұрлаған, қайшылықты тұлға.

– Ғаламторда еш дерек жоқ.

– Кім жайлы?

– Экхофф пен Риккобони жайлы.

– Ресейліктер қарсы, баспайды, айтқызбайды, көрсетпейді.

– Өз құндылықтарын асқан бір сақтықпен қорғайды екен.

Ол да есінде.

– Әлмираға эстетикалық категориялар, құндылықтар мен үлгі, өнердің әлеуметтік қызметі, түсінік пен сөздік, шығарманы бағалаудың шарттары деген тақырыптар кетеді, саған – театр философиясы.

Ұмытқан жоқ, арнайы екі мақала жазды, театр дегеніміз не, философия ше, сөйтіп, арада он күн өтті. Кеше ғана білмейді, не болғанын білмейді. Қаралы хабар жетті. Енді Ерболат жоқ.

– Жалпылама шатқан-бүтқан керек емес, тақырып нақты болуы тиіс.

– Иә.

– Мазмұн мен форма, ойдан шығарылған жайт пен тарихи дерек.

– Қашанға дейін дайындауымыз қажет?

– Тамыздың соңына дейін.

Қазір жаздың ортасы. Қызық, қуаныш, рақат көп уақыт. Тамыздың соңы емес, шілденің ақырғы күндері дүниеден кетті. Межемізге де, мұратымызға да жеткен жоқпыз, деп күрсінді Ғани – қапа жайлаған күйден құтыла алмай-ақ қойды. Қараса, Ғанипа да мұңлы.

– Мен түскі асқа бармаймын, – деді ол, – тәбетім жоқ.

– Жарайды.

Ғани үнсіз тұр. Сосын:

– Ғанипаш, өмірге сенбе, – деді, – өлімді, бәрібір, түсінбейсің.

– Неге?

– Екеуі де алдымызға мұрат қойып, алдағысы, адастырғысы келеді.

– Рас шығар.

– Рас. Әр нәрсенің өз уақыты бар, үлгере алмай қалсаң, кейін қанша өзгертемін десең де, өзгерте алмайсың, адамның бұ дүниеде өзінен артық, өзінен басқа миссиясы жоқ.

Дидар АМАНТАЙ
madeniportal.kz/

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЛАГОТВОРИТЬ

93-ЛЕТНИЙ СЕЛЬЧАНИН самостоятельно вырастил лес в ВКО

Настоящий лес своими руками вырастил пенсионер из села Ново-Ульбинка в Восточно-Казахстанской области. В свои 93 Михаил Федоров ухаживает за тремя гектарами зеленых насаждений, передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на «Хабар 24».

Сыр айтады...
Дүрмегі мың дүние құлақ салса,
Шыңғыстаудың шырайлы түні
айтады.
Жаңғырған тау, өзен-көл айтады әлі,
Бебеулеген көңілім жай табады.
Ғасырлардың куәсі Қасқабұлақ
Ақиқатын Абайдың қайталады.
Елді ойласам биіктеп мұнар қайғым,
Буырқанып теңіздей тұна алмаймын.
Қасиетін Абайдың тану үшін
Құдіретіне басыңды и Құнанбайдың.
Жан жарасы жақынға байқалмаған,
Шындық шындық бола ма айта
алмаған?
Әлсін-әлсін Шыңғыстау биігінен,
Абай болып ақиқат айқайлаған.

«Қарашада өмір тұр»...
өзгермеген,
Алдамшы бақ баянсыз, көз көрмеген.
Әппақ қар да жұтылар қара жерге,
Қандай жақсы арсыз бен сөзге
ермеген.
«Пайда ойлама, ар ойла»....
Талаптан, біл,
Айланы да ақыл деп жаратқан бұл.
Найзалы тіл серт болар тәуекелге –
Жалғыз ұлын мыңдарға талатқан
кім?!
Көгереді дүние, көгереді...
Қайырымсыз тұл қоғам не береді?
Қара өлеңге қарайлап елеңдеймін,
Жаны бірге жандармыз кемедегі...
Керуен жолы сапарда мың құбылар,
Баспаса деп келеміз күнді мұнар.
Ұлылығын Абайдың танытатын,
Шыңғыстаудың құпия шындығы бар.
Шындық – арзан...
Бұл күнде ақиқат – мұң,
Даулай алар жан бар ма ақын хақын?
Кім айта алар жүректің көзін ашып –
Алашыма Абайдың ақиқатын?..
Шындық – арзан, бұл күнде
ақиқат – мұң...

Гүлбақыт ҚАСЕН

ӘКІМГЕ РАЗЫ ҚАНДАСТАР!

Есік,
Ұлылығыңды танытар,
Алтын қақпа.
Босағадан өрлейсің,
Алтын таққа.
Қонаққа ашылса есік,
Ақ ниетпен,
Басыңа бақыт құсы,
Қонар бақ та!

Еңбекшіқазақ,
Есік-Шелек қаласы,
Ауылы мен даласы,
Ашыпты есік,
Қандасқа.
Шеттен келген,
Ағайын,
Отыз мыңнан астамы,
Тұрақтапты жайғаса.

Ұстаз, Дәрігер,
Имамы,
Жандарды көрдік,
Ибалы.
Кәсіптері ілгері,
Шаруалары жинақы,
Жер үлесі жетіспей,
Өтініш, Тілек,
Сол жағы!

Мейірімді әкім,
Бұйырған,
Дана қазақ,
Ұлынан,
Жақанбаев Әлібек,
Тұлғалығы танылған.
Қабілетті жан екен,
Халық пен Қандас,
Сырынан.
Көші қонға,
Жетекші,
Қожанов Дәулет,
Мықты екен,
Қызмет ісі,
Кешенді.
Қандастардың біразы,
Берік екен ұстанған,
Асқақ арман қиялы.

Көшпелі қабылдау,
Өткізіп,
Дөңгелек үстел,
Басында,
Пікірлерін жеткізіп,
Ұсыныс-тілек, әңгіме,
Шешімін тапты
талай іс,
Жүректің сырын,
Төккізіп.

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ

МАМАН МІНБЕРІ

МЕКТЕПТЕГІ өлкетану жұмыстары

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық сипаттағы мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Мемлекет басшысы отансүйгіштік сезімнің кіндік қаның тамған жеріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталатынын айтқан болатын. Тәуелсіз еліміздің оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеудің сан алуан жолдары бар. Солардың бірі – өлкетану жұмыстарын пайдалану арқылы тәрбиелеу.

Мектеп географиясын оқыту барысында жүргізілетін туристік-өлкетану жұмыстарының мақсаты – жергілікті жердің табиғатын, шаруашылығын, халқын, тарихын жан-жақты оқып үйрене отырып жиналған деректерді оқу үрдісінде пайдалану болып табылады.

Өлкетану табиғи және қоғамдық құбылыстарды жан-жақты түсінуге, алған білімді география, биология, тарих және басқа пәндерді оқыту барысында іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік беретін жергілікті халық үшін туған өлке болып табылатын елдің белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихы мен мәдениетін жан-жақты оқып үйрену мәселелерін қарастырады. Сондықтан ол физикалық және экономикалық география, геология, биология, демография, тарих, этнография, өнертану, тілтану тағыда басқа ғылымдарының деректерін қамтитын ғылымның құрамдасқан кешенді саласына жатады.

Туған өлкені жан-жақты кешенді оқып үйрену өлкенің тарихы, этнографиясы, мәдениеті, археологиясы, табиғаты, шаруашылығы, халқы ттағы басқа кең ауқымды мәселелерді қамтиды: Біріншіден, табиғаттың барлық құрамдас бөліктері (геологиялық құрылысы,жер бедері,топырағы, климаты,су қоймалары, өсімдіктері мен жануарлар дүниесі) мен олардың өзара байланысы; екіншіден, өткен тарихы мен демографиясы (ауылдар мен қалалардың этнографиясы, топонимикасы т.б); үшіншіден, экономикалық өмірі, шаруашылытың жеке салалары мен қоршаған ортаның өзара байланысы байланысы; төртіншіден, халықтың шығармашылық қызметі, мәдени және рухани өмірі (халықтың ата кәсібі, өнері, фольклоры, сәулет өнері).

Өлкетанудың басқа ғылым салаларынан ерекшеліктері мен артықшылықтарының бірі оқып-үйренетін аумақта адамдарға байланысты оқиғаларды, археологтялық, сәулет ескерткіштерін, табиғаттың көрікті орындарын, сирек кездесетін табиғи (ландшафттардың,климаттың, сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың) деректерді кешенді бағалауы.

Туған өлке мен оның географиялық кешенін түзетін жекелеген құрамдас бөліктері географияны оқыту барысында түсіндіру, салыстыру, көрсету үшін мұғалім тұрақты түрде жүгіне алатын бұрыннан белгілі және түсінікті әрі тұрақты эталон қызметін атқарады. Табиғат пен оның заңдылықтары, сонымен қатар, туған өлкенің халқы мен шаруашылығы туралы түсініктердің болуы географиялық білімді жеңіл меңгеруіне мүмкіндік береді. Мектепке жақын орналасқан географиялық ортаның дамуында көрініс табатын нақтылы үрдістер мен құбылыстарды оқып-үйренудің көптеген пәндерде оқытылатын Жердің географиялық қабығында жүретін қолжетімсіз құбылыстар туралы дұрыс түсініктерді қалыптастыруда маңызы зор.

Тілеубек АЙДАРХАНОВ,
Талдықорған қаласы №2 орта мектеп КММ география пәнінің мұғалімі, мектеп тренері.

ӨНЕР

«ТҰЙҒЫН АҚЫН»

ҚУАТ ТЕРІБАЕВ – ХАЛЫҚ АҚЫНЫ. АУЫЛ МЕКТЕБІНЕН ОҚЫП, ЕСКІШЕ БІЛІМ АЛҒАН. АТА-АНАСЫНАН ЕРТЕ АЙРЫЛЫП, 1916 ЖЫЛЫ ПАТШАНЫҢ МАУСЫМ ЖАРЛЫҒЫНА ІЛІГІП, МАЙДАННЫҢ ҚАРА ЖҰМЫСЫНА АЛЫНАДЫ.

1936 жылы республикалық айтысқа қатысып, жүлдегер атанған. Сол жылы «Қазақ КСР-нің халық ақыны» деген құрметті атаққа ие болды. Терібаевтың ақын болып қалыптасуына Абайдың әсері көп тиген. Оның шығармашылығымен танысқан Мұхтар Әуезов «Тұйғын ақын» деп баға берген.

Абайдың жаңашыл дәстүрін, өлеңдері мен әндерін ел ішіне насихаттаған. Абайдың дәстүрімен «Күлсағила», «Айжан-Жанша» дастандарын жазған. 1951 жылы «Өмір жыры» деген атпен таңдамалы шығармаларының жинағы жарық көрді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен 1939 жылы марапатталды. Өз ғұмырында көптеген айтыскер ақындармен айтысты.

Салтанат КҮЛДІБАЙҚЫЗЫ,
М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОЛИМПИАДА-2020

НЕОБХОДИМО ИЗВЛЕЧЬ УРОКИ

«Итоговый результат не соответствует спортивному потенциалу Казахстана». Токаев подвел итоги Олимпиады-2020

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев прокомментировал выступление национальной сборной на Олимпийских играх-2020 в Токио, сообщает корреспондент Vesti.kz.

Глава государства поздравил призеров Олимпиады, но отметил, что итоговый результат не соответствует спортивному потенциалу страны и большим средствам, которые были выделены на развитие спорта. Кроме того, Президент заявил о необходимости срочных и эффективных реформ в спорте.

«В Олимпийских играх в Токио участвовали 93 спортсмена из Казахстана. Благодарю атлетов, проявивших волю к победе и мастерство. Поздравляю бронзовых призеров Олимпиады, это впечатляющий результат их многодневных упорных тренировок.

Однако итоговый результат национальной команды — 8 бронзовых медалей и 83 позиция в общекомандном зачете — не соответствует спортивному потенциалу Казахстана и значительным средствам, которые государство вкладывает в развитие спорта.

Выступление национальной сборной на Олимпиаде свидетельствует в пользу срочных, эффективных реформ в такой важной сфере, как спорт. Следует уделить внимание развитию массового и детского спорта и на этой основе стремиться к достижению выдающихся успехов на мировой арене, — написал Президент в твиттере.

Также Токаев отметил, что необходимо извлечь уроки из Олимпиады в Токио и добиться результатов, которые оправдают ожидания людей на следующих Играх в Париже.

Напомним, бронзовыми призерами в Токио-2020 стали: боксеры Сакен Бибосынов и Камшыбек Кункабаев, тяжелоатлеты Игорь Сон и Зульфия Чиншанло, каратисты Дархан Есадилов и Софья Берульцева, дзюдоист Елдос Сметов и борец вольного стиля Нурислам Санаев.

ГЕНДЕР

Национальная гендерная политика является важнейшей основой демократического процесса нашей страны. Понятия гендерное равенство - это равное сходство и различия общества среди мужчин и женщин. Гендерная политика в общественно-политической жизни занимает особое место в структуре гармонизации состояния.

РАСТЕТ СТАТУС ЖЕНЩИНЫ В ОБЩЕСТВЕ

Активная экономическая роль женщин привели к объективному повышению социального статуса женщин в семье и обществе. Это, в свою очередь, привело и приводит к изменениям гендерных ролей в семье, к формированию новых гендерных моделей семьи в казахстанском обществе.

Так, крушение социалистической системы, а вместе с ней и патерналистской политики государства по отношению к женщинам, коренным образом повлияла на изменение социально-экономического положения и статуса женщин в обществе в целом. В то время как многие отцы семейства из-за закрытия и банкротства предприятий, фабрик и заводов, теряли свое лидерство в семье и обществе, женщины активно осваивали различные виды и сферы экономической деятельности. Они проявляли большую активность и настойчивость в поисках путей и средств экономического самообеспечения в условиях реформирующегося общества, все более становились основными добытчиками, независимыми и самостоятельными. Они брались за любую работу, занимались мелкой торговлей и челночным бизнесом.

За годы независимости Казахстан присоединился и ратифицировал ряд основополагающих международных договоров, касающихся положения и прав женщин. По вопросам решения гендерных проблем Казахстан сотрудничает с рядом международных организаций: ЮНИФЕМ, ОБСЕ, Международной организацией по миграции (МОМ), ЮСАИД, Британским Советом и ПРООН. В настоящее время в Казахстане создаются условия для внедрения гендерного подхода в процесс разработки бюджетов всех уровней и государственных программ социально-экономического развития.

Как показывает международная практика, существенное влияние на уровень функциональной устойчивости семьи оказывают модели гендерных отношений. Чем выше уровень гендерного равенства, тем больше ответственности, паритетности и результативности в выполнении членами семей своих бытовых, экономических, нравственно-воспитательных, защитных и других важных функций.

Таким образом, становится очевидным, что формирование условий становления современной устойчивой семьи и достижения гендерного равенства является неразрывным процессом социальной модернизации общества.

Гульнур ДЖОЛДАСОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

ПРИГОВОР

ПРОЦЕСС ПО ДЕЛУ О ВЗРЫВАХ В АРЫСИ

По сообщению Nur.kz, в Военном суде Шымкентского гарнизона закончился процесс по делу о взрывах в Арыси и был вынесен приговор. На скамье подсудимых оказались 15 военнослужащих и один гражданский — бизнесмен.

12 из 16 подсудимых получили реальные сроки. Максимальное наказание — 10 лет, минимальное — 4 года. Еще четверо осуждены условно, передает " Хабар 24". Один из осужденных с решением суда не согласен, остальные отказались от комментариев. В качестве пострадавших выступили порядка 1,5 тыс. человек. «У моего ребенка вследствие взрыва пострадала нога. Он не может спать по ночам, жалуется на боли. Пострадало здоровье и у моей супруги. Она получила восемь осколочных ранений. Мы вынуждены жить в съемной квартире. Терпим огромные убытки, так как приходится покупать лекарства», — высказался житель Арыси Нурлан Рахимов. Однако, как отметили пострадавшие, вопрос с выплатой компенсаций остался без рассмотрения.

Напомним, в июне 2019 года на складах военного терминала, расположенных в непосредственной близости от Арыси, началось возгорание, а затем последовали взрывы и разброс снарядов. Всех жителей срочно эвакуировали. В результате инцидента погибли три человека, сотни домов и зданий были разрушены. На скамье подсудимых оказались 15 военнослужащих и один бизнесмен. Им были предъявлены обвинения в халатном отношении к службе, нарушении правил обращения со взрывчатыми веществами, присвоении вверенного имущества и служебном подлоге

БРИФИНГ

УЧАСТКОВЫМ ПОДНИМУТ ЗАРПЛАТУ

В 2022 году казахстанским участковым планируют поднять заработную плату на 33%, заявил заместитель председателя комитета административной полиции министерства внутренних дел Алексей Милюк.

«Особое внимание уделяется вопросам оплаты труда участковых инспекторов полиции. В 2019 году участковым повышена зарплата на 25%, со следующего года планируется повысить еще на треть», — рассказал он на брифинге в МВД.

Кроме этого, с июля 2019 года участковым выплачивают компенсацию за аренду жилья, а с 1 января это право предоставлено их помощникам.

«Глава государства обозначил участковых инспекторов полиции ключевой фигурой в национальной сервисной модели полиции. Было поручено законодательно повысить его статус, предоставить ему все полномочия для эффективной работы. В связи с чем, с июля текущего года участковый наделен правом вносить от имени полиции физическим и юридическим лицам представления об устранении причин и условий, способствующих совершению правонарушений и требовать их исполнение», — рассказал Алексей Милюк.

Участковые теперь могут накладывать административные взыскания за то, что несовершеннолетние находятся в развлекательных заведениях в ночное время, а также за нарушение запрета потребления табачных изделий; нарушение административного надзора и создание препятствий для движения транспортных средств.

«Это позволяет участковым больше находиться на своем участке, не отвлекаться на поездки к руководству для подписания материалов», — сказал замглавы комитета.

Также законодательно закреплен статус помощника участкового инспектора в качестве неотъемлемого звена этой службы. Сейчас помощники имеют почти все полномочия участкового, за исключением принятия процессуальных решений по уголовным делам.

ЗАСЕДАНИИ КОЛЛЕГИИ

НУЖНА НОВАЯ АНТИКОРРУПЦИОННАЯ ПОЛИТИКА

За прошедшие полгода сотрудники Антикора привлекли к уголовной ответственности 658 госслужащих, из которых 61 - руководитель. В борьбе с коррупцией не стоит перегибать палку и сразу открывать уголовные дела на госслужащих, если нет реального состава преступления. Об этом на заседании коллегии Агентства РК по противодействию коррупции по итогам первого полугодия заявил глава Антикора Марат Ахметжанов, передает корреспондент zakon.kz.

Помощник Президента и секретарь Совета безопасности РК АсетИсекешев заявил, что стране нужна новая антикоррупционная политика.

Ее ключевыми направлениями должны стать активное сотрудничество с международными организациями, усиление общественного контроля и интенсивное взаимодействие с гражданским обществом, наведение порядка с закупками и тендерами в государственном и квазигосударственном секторе, системная профилактика коррупции, активное использование цифровизации.

По его словам, необходимо повысить вознаграждение гражданам за информирование о фактах коррупции, обеспечить их конфиденциальность и защиту от любого давления.

Также Исекешев акцентировал внимание на том, что следует разграничивать умышленные коррупционные преступления и управленческие ошибки. По-прежнему актуальной остается тема защиты бизнеса от незаконных проверок госорганами. При этом нужно различать добросовестных предпринимателей и недобросовестных, которые сами нарушают закон и ущемляют права остальных граждан.

Население, предприниматели, инвесторы, международные организации должны почувствовать реальные результаты борьбы с коррупцией, — подчеркнул он.

В свою очередь Марат Ахметжанов отчитался о достижениях своего ведомства. Так, за прошедшие полгода сотрудники Антикора привлекли к уголовной ответственности 658 госслужащих, из которых 61 — руководитель. В их числе один вице-министр, трое судей, семь акимов и их заместителей.На взятках поймали сотрудников крупнейшего резервата «Семей Орманы»

Благодаря действиям работников Антикора выявлен 61 факт системной коррупции, 33 чиновника наказаны за коррупцию их подчиненных, республике возмещено 15 млрд тенге ущерба.

104 коррупционных правонарушения выявил Антикор в сфере финансирования борьбы с пандемией. Среди них злоупотребления и хищения при закупе медоборудования, начисление надбавок лицам, не отнесенным к группе риска, приписка отработанных часов и поборы руководителей с простых врачей, подделка паспортов о вакцинации.

К примеру, в Шымкенте осужден заместитель руководителя Управления здравоохранения по факту приобретения медицинской техники по завышенным ценам через аффилированные компании. Ущерб составил 1,5 млрд тенге.

По словам Ахметжанова, в Нур-Султане и Акмолинской, Алматинской областях задержаны медработники, занимавшиеся продажей паспортов вакцинации.

Они оформляли документы фактически не привитым людям, а вакцину уничтожали. Как видите, предметом обогащения стало здоровье населения, а деньги, выделяемые из бюджета, уходят на ветер. Люди, получившие такой липовый паспорт, будут ходить рядом с нами, ездить в одном транспорте, лететь в одном самолете,- рассказал глава Антикора.

По его информации, значительная часть фактов коррупции связана с повышением закупочных цен на стадии бюджетного планирования. За истекшие полгода обнаружено 36 млрд тенге нерационального расходования средств. В прошлом году эта сумма составила 40 млрд. Например, в прошлом году был задержан руководитель зернового склада МСХ РК в Атырауской области, который присвоил 190 млн тенге под предлогом капитального ремонта здания.

Другой значительный фактор — это дача и получение взяток. Несмотря ни на что, количество таких граждан не снижается. Хотя сегодня за взяточничество предусмотрено до 15 лет лишения свободы, пожизненный запрет работать на госслужбе, усилена ответственность для сотрудников правоохранительных органов и судей, исключено досрочное освобождение по тяжким и особо тяжким коррупционным правонарушениям.

Так, в Восточно-Казахстанской области гендиректор РГУ «Государственный лесной природный резерват «Семей орманы» и два его заместителя за взятки выдавали разрешения на якобы санитарную очистку леса, в ходе которой вырубался реликтовый сосновый бор. Теперь все трое арестованы.

Кроме того, принят закон, усиливающий ответственность за рейдерство, в котором нередко бывают замешаны и чиновники. Усилены санкции в ст. 249 РК, где к силовым методам отнесены незаконные проверки и возбуждение незаконных уголовных дел. А также к ст. 365 и 412 РК — за преступные действия, используемые рейдерами.

Вместе с тем, как считает Ахметжанов, здесь важно не перегибать палку, так как в прошлые годы было заведено немало уголовных дел, связанных с коррупцией, прекращенных затем в связи с отсутствием состава преступления.

Для того, чтобы избежать подобных инцидентов и защитить конституционные права граждан, внедряется трехзвенная модель уголовного процесса. Согласно этой модели, Антикоррупционная служба выявляет факты правонарушений и причастных лиц, собирает доказательства. Далее прокуратура перепроверяет эти факты, принимает процессуальные решения, предъявляет и обосновывает обвинения в суде. А суд уже выносит окончательный вердикт.

Президент поручил госорганам выработать системные механизмы, которые позволят разрешить эту проблему. Надо четко сказать, обществу, что взяточники и коррупционеры должны нести заслуженное наказание, что борьба с этим злом должна вестись жестко, бескомпромиссно и системно. При этом неправильно применять к каждому решению госслужащего уголовный кодекс. Поэтому здесь большой акцент очень важно сделать на внедрении трехзвенной модели уголовного процесса с использованием прокурорского фильтра.

На сегодняшний день одним из факторов коррупции является необходимость обязательного освоения выделенных бюджетных средств в указанный срок. Руководители ведомств несут личную ответственность за неосвоение средств. И в итоге они часто расходуют государственные деньги на абсолютно ненужные вещи. Чтобы наконец решить эту проблему, руководство Антикоррупционной службы предлагает перейти на проектное финансирование. Оно позволит переносить неосвоенные средства на следующий период.

Отдельного внимания заслуживают факты коррупции внутри самой Антикоррупционной службы. Так, в этом году наказаны 32 сотрудника Антикора. Трое уволены по отрицательным мотивам. В Атырауской области задержан за взятку сотрудник департамента Антикора.

Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТОКИО-2020

ЕЛ ҚОРЖЫНЫНДА СЕГІЗ ҚОЛА МЕДАЛЬ

ҚАЗАҚСТАН СПОРТШЫЛАРЫ ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫНДАҒЫ ЖАРЫСТЫ АЯҚТАДЫ. ЕЛ ҚҰРАМАСЫ ОСЫ ЖОЛЫ ТАРИХТА ТҰҢҒЫШ РЕТ АЛТЫНСЫЗ, КҮМІССІЗ, ТЕК ҚОЛАМЕН ҚАЙТЫП ОТЫР. ҚОРЖЫНДА БАРЛЫҒЫ СЕГІЗ ҚОЛА МЕДАЛЬ БАР. БҰЛ ТУРАЛЫ «ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІ ХАБАРЛАДЫ.

Дүбірлі додада Қазақстаннан барған 97 саңлақ спорттың 28 түрінен бақ сынады. Қазақстан Ұлттық олимпиадалық комитеті айтулы аламанға баратын тізімді нақтылау мақсатында іріктеу және рейтинг жарыстары аяқталғаннан кейін қорытынды шығарды.

Нәтижесінде, қазақстандық спортшылар барлығы сегіз қола медаль алды. Бұл - ел спортшыларының қатысуымен өткен жазғы Олимпиада ойындарындағы ең төменгі көрсеткіш. Сондай-ақ, өзінің тарихында тарихында тұңғыш рет алтын және күміс медальсыз қайтып отыр. Бұрын мұндай жағдай болған емес. Ал 2004 жылы Африна Олимпиадасында небәрі жеті медаль олжалап қайтқан еді. Алайда олардың 1-і алтын, 4-і күміс, 3-і қола болатын. Қазақстан құрамасының бұған дейінгі Олимпиадалардағы көрсеткіші төмендегідей: Атланта 1996 жыл - 3-4-4 (11) Сидней 2000 жыл - 3-4-0 (7) Афина 2004 жыл - 1-4-3 (8) Бейжің 2008 жыл - 2-3-4 (9) Лондон 2012 жыл - 3-1-7 (11) Рио-де-Жанейро 2016 жыл - 3-5-10 (18).

Сегіз қоланың үшеуін қазақстандық спортшылар бейсенбі күні алды. Бейсенбіде қоланы жеңіп алған саңлағымыздың алғашқысы - бокстан жеңіл салмақта өнер көрсеткен Сәкен Бибосынов. Өкінішке қарай, Токиоға барған қазақстандық тоғыз боксшының ешқайсысы ақтық сынға өтпеді. Осылайша 1996 жылдан бері қатысқан Олимпиада ойындарында бокстан алтынсыз қайтпаған спортшыларымыз тұңғыш рет ақтық сынға жетпей сүрінді.

Жеңіл салмақтағы Сәкен Бибосыновтан ел сары алтынның сыңғырын естіртеді деп күткен еді. Алайда 52 келі салмақта жұдырықтасқан Мырзағали Айтжановтың төл шәкірті жартылай финалда ұлыбританиялық Джамал Яфайдан жеңіліп (2:3), финалға өте алмады. Бибосынов ақтық сынға шығу үшін аянып қалған жоқ. Бірақ отандасымызға сәттілік серік болмады. Бірінші раундта Яфай қазақстандық боксшыны нокдаунға жіберді. Қалған екі раундта әлем чемпионатының қола жүлдегері барын салып бокстасса да қарсыласының айласын асыра алмады. Сөйтіп, Сәкен Токио Олимпиадасының қола жүлдесін иемденді.

Екінші қоланы еркін күрестен 57 келі салмақта сынға түскен Нұрислам Санаев әкелді. Ел намысын қорғаған әлем біріншілігінің күміс және қола жүлдегері жартылай финалға дейін қарсылас шақ келтірмеді. Жарыстың алғашқы күнінде Гвинея-Бисау елінің өкілі Иуна Фафе Диамантиноны 7:0 есебімен тізе бүктірсе, ширек финалда әлем чемпионы, Азия ойындарының қола жүлдегері жапониялық Юки Такахашиді жеңді. Өкінішке қарай, жартылай финалда балуанымыз үндістандық Рави Кумарға 9:1 есебімен есе жіберіп қойды. Қола жүлде үшін таласта балуанымыз болгариялық Георги Вангеловтің жауырынын жер иіскетті.

Айта кетейік, Ресейде дүниеге келген Нұрислам Санаевтың бұрынғы аты-жөні Артас Санаа. 2019 жылдан бері ресми жарыстарда Қазақстан намысын қорғап жүрген балуан елімізге келген соң ислам дінін қабылдап, атын Нұрислам деп өзгертіпті. Қуаныштысы, ел абыройын асқақтатып жүрген Нұрислам Санаев аз ғана уақыттың ішінде қазақ тілін үйреніп алыпты.

Үшінші жүлдені каратэнің кумите түрінен 67 келі салмақта сынға түскен Дархан Асадилов сыйлады. Әлемдік рейтингте бірінші орында тұрған Дархан топтық кездесудегі бес жекпе-жектің бәрінде жеңіске жетіп, жартылай финалға шықты. Бірақ ақтық сынға бір табан жетпей сүрінді. Жартылай финалда француздық Стеван Да Костаға жол беріп, қоланы қанағат тұтты. Осылайша Олимпиада ойындарына тұңғыш рет енген спорттан ел қоржынына жүлде түсті.

Д.Асадилов қазір WKF (Дүниежүзілік каратэ федерациясы) рейтингінде 60 келі салмақтағы спортшылар арасында бірінші орында тұр. Ол 2008 жылы Токиода өткен әлем чемпионатында 60 келі салмақта күміс, 2018 жылы Испанияда өткен әлем біріншілігінде қола жүлдені қанжығалаған. 2010 жылы Гуанжоуда (Қытай) өткен Азия ойындарында чемпион атанған. Азия чемпионатында үш күміс, үш қола медаль иеленген. 2018-2021 жылдар арасында WKF ұйымдастыратын Karate 1 Premier League турнирлерінде алты алтын, екі күміс, үш қола медаль иеленген спортшы.

Сөйтіп, Токио төрінде Қазақстан Гимні шырқалған жоқ.

Айдар ҚАЛИЕВ

МАРАФОН

Армиялық халықаралық ойындар шеңберінде «Аттар марафоны» конкурсына қатысатын Қазақстан әскери қызметшілерінің командасы Ресейге аттанды. Жарыс Қызыл қаласында (Тыва Республикасы) өтеді.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗГЕ СӘТТІЛІК

Осы конкурсқа әскери қызметшілер бес ай дайындалды. Команданың негізгі құрамы тауегерьлік полк әскери қызметшілері қатарынан құрылған. Олар ақпан мен маусымда өткен бірнеше іріктеу кезеңінің нәтижелері бойынша анағұрлым даярланған мамандар қатарынан іріктеліп алынды. Әскери қызметшілерді жібергенге дейін оларды жаттықтыру осы бөлімшенің базасында өтті. «Қарқынды жаттығулар кезінде команда өз нәтижелерін жақсарта түсті. Бұл өз кезегінде бізге жүлделі орындарға ие болуға мүмкіндік береді», деп атап өтті «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының жауынгерлік даярлық жөніндегі орынбасары, полковник Дәурен Хамитов.

Қазақстан командасының Ресейге кетер алдындағы соңғы даярлық кезеңі саптық байқау болды. Оны Қорғаныс министрінің кеңесшісі, генерал-майор Әділбек Алдабергенов өткізді. «Сіздер жарыста өз кәсіби шеберлігіңізді көрсете отырып, ең үздік нәтижеге қол жеткізуге, қарсыластарымызға лайықты бәсекелес болуға тиіссіздер. Сіздердің әрбір жетістігіңізге қарап, біздің армиямызды, біздің елімізді бағалайтын болады», деді ол.

Халықаралық конкурста Қазақстан әскери қызметшілерінің қарсыластары Зимбабве, Иран, Моңғолия, Ресей және Өзбекстан командалары болады. «Аттар марафоны» конкурсына командалар жергілікті жермен танысу және бейімделу үшін, ең бастысы, жаттығулар өткізу үшін ертерек барады. Өйткені жарыс шарттары бойынша қатысушыларға аттарды қабылдаушы тарап береді. Қатысушыларға тек өзінің ат-әбзелін пайдалануға рұқсат етілген. «Аттар марафоны» командасымен бір уақытта «Десанттық взвод» және «Эльбрус шеңбері» конкурстарының қатысушылары да ойын өтетін жерлерге кетті.

«Егемен-ақпарат»

ВЕЛОЖАРЫС

«ҮЛКЕН ТУРДАҒЫ» АЛҒАШҚЫ ЖАРЫС

«Астана» велокомандасы «Вуэльта» жарысына қатысатын құрамын жариялады.

ҚР ҰОК Astana – Premier Tech командасы Испаниядағы «Вуэльта» көпкүндігіне қатысатын спортшылар тізімін жария етті.

Аталған веложарыста команда намысын Александр Власов, Йон және Горка Исагирре, Луис Леон Санчес, Омар Фраиле, Оскар Родригес, Алекс Аранбуру, сондай-ақ қазақстандық жас шабандоз Юрий Натаров қорғайды.

«Біз Испанияға мықты құраммен бара жатырмыз. Сондықтан өзімізді жақсы қырымыздан көрсетеміз деген ой бар. Өткен жылғы нәтижені жақсарту үшін жұмыс істейміз. Олимпиададан кейінгі азғантай мерзімде спортшылар қалпына келіп үлгерді. 24 жастағы жас спортшымыз Юрий Натаров «Үлкен турдағы» алғашқы жарысына қатысуға дайын», – дейді команда менеджері Дмитрий Фофонов. Осы категория бойынша: « Головкин желтоқсанға дейін тағы бір жекпе-жек өткізуі мүмкін Александр Бублик Торонтодағы турнирдің екінші кезеңіне жолдама алды».

24.kz

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Келесі жазғы Олимпиада Парижде өтеді

Жазғы Олимпиада ойындары 2024 жылы Парижде өтеді. Токиода өткен жазғы Олимпиада ойындарының туы Париж қаласына табысталды.

Осылайша келесі XXXIII жазғы Олимпиада ойындары 2024 жылы Франция астанасында өтпек. Олимпиада туын табыстау рәсімі Эйфел мұнарасы маңында ұйымдастырылды. Халықаралық Олимпиада комитетінің басшысы Томас Бах туды Париж қаласының мәрі Анн Идальгоға ұстатты. Айта кетейік, бұған дейін Францияда жазғы ойындар екі мәрте өткізілген болатын. Әлемдік дәрежедегі спорт сайысы Парижде 1900 және 1920 жылы өткен еді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

МЕЙІРІМГЕ ТОЛЫ ӘЛЕМ

ГАЗЕТІМІЗДІҢ ӨТКЕН САНЫНДА ӘСЕМ ТАЛДЫҚАЛАДА БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҚЫЗЫҚТЫ ӘРІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУМЕН ҚАТАР ОЛАРДЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ӨНЕРІН ДАМЫТУДА «МЕЙІРІМ» БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АШЫЛҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖАЗҒАН ЕДІК. ЕНДІГІ ТҰСТА ГАЗЕТІМІЗДІҢ АРНАЙЫ БІР БҰРЫШЫНАН «ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР» АТТЫ ЖАҢА АЙДАР АШЫП, ОСЫ ОРТАЛЫҚҚА БАРЫП ЖҮРГЕНДЕРДІҢ АТА-АНАСЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ПІКІРІН БЕРІП ОТЫРУДЫ ЖӨН КӨРДІК.

Ананың ақ тілегі

Шұғыла ДӘУЛЕТХАНҚЫЗЫ: *«Еңліктің кішкентайынан өнерге жақын бала екенін байқадым. Би билеуді өте жақсы көретіндіктен төрт жасынан биге бердік. «Алтынай» би ансамблінде Ақгүл апайының жетекшілігімен өнер көрсетіп, халық билерін нақышына келтіріп билейтін. Келе келе бойынан сурет салуға деген өнері байқалды. Бұл өнері де шыңдалсын деген ниетте сурет өнер мектебіндегі үйірмеге бердік. Қанат ағайдың үйреткені көп болды, сурет салудың композиция бөліміне қызықты. Сонымен қатар спорт бағытында да өзін дамытуда. Садақ атуға қатты қызығады. Әр барған сайын үйренгенін сондай ынтамен айтып келеді. Жауапты, тиянақты. Жазғы демалыста уақытын жоспарлап жүреді. Қазір қаламызда баланың өнерін дамытуда шығармашылық ұйымдары көптеп ашылуда. Ата-аналарға баланы дамытудың жолдары да, түрлері де көп, тек бос уақытын тиімді пайдалану мен қызығушылығын дұрыс таңдау ғана қажет. Біз үшін биылғы ең қуанышты жайт «Мейрім» балалар шығармашылық орталығының ашылуы болды. Орталықтың ерекшелігі онлайн тіркелу, тегін үйірме, мықты мамандар тартылған және тұрғылықты жерге жақын, қауіпсіз аймақта орналасқан. Осындай орталықтар қатары көп болса екен деймін. Мұнда еңбек етіп жатқан Клара, Нұргүл, Дәулеткерей сынды ұстаздармызға талантты талапты шәкірттер, шығармашылық табыс тілеймін. Еңбектері жанып, табыстары еселене бергей».*

«Жаңа достармен таныстым»

Еңлік АЛТАЙ, оқушы: «Жасым он екіде. Талдықорған қаласы №28 IT мектеп лицейінің оқушысымын. Отбасымызда екі бала, ағам – Әлисұлтан және мен. Кішкентайымыздан жазғы демалысты қызықты өткізу үшін жоспарлап аламыз, әрине ата-анамыздың ықпалы, көмегімен. Өзіміз жақсы көретін іспен айналысу ең жақсы қасиет деп санаймын. Сондықтан жазғы демалыс ең қолайлы кез. Әр түрлі өнер түрлерін алаңдамай үйрену керек деп санаймын.Сүйікті ісім – сурет салу, би билеу. Биылғы жазғы демалысымды жоспарлай отырып, әжемнің әңгімесін есіме алдым. Әжем әр кез кеңес беріп отырады, сондай бір кеңесінде қыз бала тәрбиесі, қызды қылықты ететін 7 іс бар, соның бірі – тігін деген болатын. Осы орайда жазғы демалыста тігін тігуді, матамен жұмыс жасауды үйренсем деп ойлап жүрдім. Бұл ойымды анама да тілге тиек етіп айтып қойдым. Ол маған қуанышты хабар барын айтты. Жуық

арада «Мейірім» балалар шығармашылық орталығының ашылатынын, онда әр түрлі өнер үйірмелер болатынын және тегін екенін жеткізді. Мен «сұрағанға табылған» – деп өте қатты қуандым, көп ұзамай ұстаздарыммен де таныстым. Батик үйірмесінде матаға сурет салу тәсілдерін үйренудемін. Кестелеу үйірмесінде тігіс түрлері, заттарға жиектемелер тігу және де басқа әрлеу түрлерімен танысудамыз. Үйірмеге қатысып жүріп жаңа достармен танысып, жазғы демалысымды қызықты өткізудемін. Алдағы мақсатым – сабағымды жақсы оқып, видео түсірілім және монтаж үйірмесіне қатысып, видеограф саласының қыр сырын үйрену».

ПСИХОЛОГИЯ

Стив Джобс американдық өнертапқыш. Көптеген жыл бойы миды дамыту үшін жаттығулар жасаған.

МИҒА АРНАЛҒАН 6 ЖАТТЫҒУ

Логикалық ойындар

Жаңа мақсаттар миға серпін береді. Сондықтан айналаңызға қарап, мына сұрақтарға жауап іздеңіз: «Жұмыста қанша баспалдақ бар?», «Қоғамдық көлікте қанша жолаушы үстіне бірдей түсті киім киген?», «Жанымнан өткен екі көліктің нөмірін бір-біріне қосқанда қанша болады?», «Қонақ бөлмедегі кілемнің қанша оюы бар?». Осындай сұрақтарды құрастырып алыңыз.

Күнделік жазыңыз

Көп адам үшін күнделік жазу әдетке айналған. Барлығы өз ойын бөлісетін құрал іздейді. Күнделік жай ғана жазба емес, әлдебір іс-әрекетті қалыптастыруға арналған көмекші құрал. Қолымызға қалам алып өз-өзімізге үңілген сәтте ми талшықтары оянып, өзіңізді айнадан көргендей боласыз.

Тыныштық

Стив Джобс ұсынатын келесі жаттығу – тыныштық. 30 минут тыныштықта отырып тек бір ғана затты ойлаңыз. Басқа ешбір дүниеге алаңдамаңыз. Бастапқыда 5 минуттан бастаған жөн.

Өзіңізге тәжірибе жасаңыз

Адам миына кіріп шықпайтын 12 істі жасаңыз. Мысалы, 20 км жерді жаяу жүріп шығыңыз. 12 сағат бойы тамақтанбаңыз. Таңғы асыңызды ыңғайсыз әрі бұрын-сонды тамақтанып көрмеген орында ішіңіз. Бір тәулік бойы сөйлемеңіз. Түні бойы көз ілмей жұмыс істеуге ниеттеніңіз.

Жұмысқа басқа жолмен барыңыз

Сізді сергек етіп, жаңа ақпаратты есте сақтау үшін қолданылады. Мысалы, бұрылыстар, көше атаулары мен ғимараттар сіздің ойлануыңызға итермелейді.

Кітап оқыңыз

Білімімізді байытып, танымымызды кеңейтетін – кітап. Кітап оқып отырып қиялдайсыз, рухани ләззат аласыз. Миға демалыс сыйлайсыз. Миыңыздың жұмыс істегенін қаласаңыз, оған уақыт бөліңіз. Қозғаңыз. Сонда ғана әр нәрсенің шешімін тез табатын ұшқыр ойлы адамға айналасыз.

Жаңа тілді үйрену

Қандай тіл екені маңызды емес. Жаңа тілді үйрену уақытты қажет етеді. Бірақ күніне 10 сөз жаттасаңыз, миыңыз жақсырақ жұмыс істей бастайды. Соңында тілді де меңгеріп шығасыз.

Эмоцияны ұстай біліңіз

Бір сағат бойы эмоцияға берілмей әрекет етіңіз. Сізге қойылған сұрақтарға қысқаша жауап беріп, ортаңызда қарапайымдылықты сақтап үйреніңіз.

АСПАЗДЫҚ

ҚАРБЫЗДЫ ҚЫСҚА ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ?

Жаз біте салысымен қарбыз маусымы да аяқталады. Алайда қарбызды жазда ғана емес қысқа сақтап жеуге болады. Ендеше маман кеңесіне жүгініп, қарбызды қысқа дайындайық.

Көбінің әлі піспеген, жетілмеген қарбызды кейін піседі деп сабағынан жұлып алатын әдеті бар. Бірақ бұл дұрыс емес. Биолог, агроном Михаил Воробьевтің айтуынша, өркенінен ерте жұлынған қарбыз қауын сияқты емес, ерте шіріп кетеді.

«Немесе тез пісіп, босап кетуі мүмкін. Ондай қарбыз дәмді болмайды. Әрі жақсы піскен қарбыздан іші болбырап кеткен қарбызды айыру оңай. Сыртын тоқылдатқанда, дүмпілдеп іші қуыс, бос екені біліні тұрады. Үні жаңғырып шығады», – дейді биолог.

Ал қарбызды ұзақ сақтаудың жолы – қарбызды қатырып тастау немесе одан сусын жасау.

«Қарбыз сусынын жасау үшін оны кесіп-кесіп турап, шырынсыққыш не кепсерден өткізіп, кейін кәдімгі тосап қайнатқандай қайнату қажет. Көбігін сүзіп алып, ыдысқа құйып сақтаңыз. Дәмі тосаптікіндей. Қайнатқан кезде С дәрумені біраз азаюы мүмкін. Бірақ дәмі сол қалпы қалады. Бал сияқты нанға жағып жеуге болады», – дейді маман.

Материалдар massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: А. ӘСКЕРБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 765
Индекс 15534